

Президент Қ.Тоқаев:

# “АЛДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМ КЕҢ АУҚЫМДЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДИАЛОГТЫҢ ТАҒЫ БІР АЙҚЫН КӨРІНІСІ БОЛМАҚ”

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№36  
(1739)  
5 қыркүйек  
2024 жыл  
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті

## БҮКПЕСІ ЖОҚ

Президент Қ.Тоқаевтың кезекті Жолдау жасаған күні тарихта қалатынын ескерсек биылғы жылғы 1 қыркүйек – Білім күнінен кейінгі 2-ші қыркүйек те жадыда жатталғалы тұр. Жолдаудың “Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм” атанғанынан-ақ Жолдаудың қандай бағыт ұстанғаны белгілі – ақ. Шынын айту керек халыққа Жолдау жасағанда Президент қаншалықты қазақша сөйледі, заңда қатысушылар қанша рет қол шапалақтады, бұлардың да есебін жүргізіп жатқандар жоқ емес. Алайда, кезекті жолдаудан өз тұрмысына, кәсібiне, өміріне пайда болар жаңалық іздеген жалпы жұртшылық үшін жақсы тұстары аз болмады.

Қоғамда заң мен тәртіптің үстемдік құрғанын қалайтын, Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстан құрғысы келетін Қасымжоларт Кемелұлы “Үкімет мүшелері, әкімдер, депутаттар және қоғам өкілдері әрдайым отаншылдық идеясына адал болуға тиіс. Әр іс елге деген жанашырлық ниетпен жасалуы керек. Әрбір қадамдымыз елге пайдасын тигізуі қажет. Біз еліміздің байлығын үнемдеп пайдалансақ, табанды еңбек етсек, салық төлесек, өз өнімдерімізді сатып алатын болсақ, түрлі жобаларға инвестиция салсақ, мемлекетіміздің қуатын арттыра түсеміз.

### “БАНКТЕРДІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ ДИВИДЕНДІНЕ СӘЙКЕС САЛЫҚ ТӨЛЕУІ КЕРЕК”

Қазір нақты секторға несие әлі де ойдағыдай берілмей жатқанын ашық бөлігі орындалмай жатыр. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін таппақ жоқ. Бұл жағдай еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесіп, осыған қатысты онтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банктендің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет.

Халықаралық сарапшылар қазақ банктендің ресурстары бай елдер ішіндегі ең көп пайда табатын банктендің санатына қосады. Сондықтан осы саладағы салық мөлшері әділ белгіленуге тиіс. Банктендің акционерлері дивидендіне сәйкес салық төлеуі керек. Банктендің мемлекет көрсеткен көмек тұрғысынан қарасақ, бұл – өте орынды ұстаным.

Цифрлық активтердің айналымын қамтамасыз ету және банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктердің тұрақты болуы маңызды.

Бізде Банктенді туралы жаңа заң қажет. Бұл құжатта экономикалық белсенділікті қолдау және финтех саласын қарқынды дамыту сияқты өзекті мәселелер шешімін табуы керек. Қазір қолданып жүрген заң шамамен 30 жыл бұрын қабылданған. Ол кезде заман да мүлде басқа болды.

Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керек. Инновациялық саясаты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіруге қажет. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін береді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады. Сонымен қатар ғалымдардың шетелдегі тағлымдамасын өншейін синукураға және «академиялық туризмге» айналдырмау керек.

### БЮДЖЕТ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ: “КӨРПЕГЕ ҚАРАЙ КӨСІЛ”...

Ашығын айтуымыз керек, бізде республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатыр. Бұл – бұрынғы және қазіргі Үкімет жұмысындағы үлкен олқылық. Мұндай жағдай жиі қайталанса, түптеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді. Сондықтан оған жол бермеу қажет. Бюджет қаржысын тиімді пайдаланып, оның шығыс бөлігін шектеп, қатаң бақылауда ұстаған жөн. Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп, осы мәселеге қатысты нақты шаралар қабылдауға тиіс.

Мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз етудің бірден бір жолы – көрпеге қарай көсілу. Сондықтан бюджет қаражатын стратегиялық маңызды жөке, аса шұғыл емес шаруаларға оңды-солды шашуды доғару керек.

Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықты аймақтардың өзінде қалдыру дұрыс ері уақтылы қабылданған шешім болды. Бұл қадам кәсіпкерліктің дамуына едәуір серпін берді. Сонымен қатар әкімдердің дербестігін арттырды. Алайда кейбір әкімдер қосымша кіріс көзіне ие болған соң, оны елге пайдасыз іске шашып, тиімсіз жұмсайтын болды. Аса маңызды емес міндеттер мен жобаларға қаржы бөле бастады.

Балқаш және Алакөл демалыс аймақтарындағы ұшу-қону жолдары толық жаңғыртылды. Катонқарағай, Зайсан және Кендірлі өңірлерінің де туристік әлеуетін дұрыс пайдалану қажет. Осындай демалыс аймақтарында сапасы жоғары жол инфрақұрылымы бар әуе бекеттері мен әуежайлар салу керек.

### “ЖАЗАЛАУ ТӘСІЛІНЕН БАС ТАРТҚАН АБЗАЛ”

Экономиканы қарқынды дамыту үшін тек мемлекет қаржысына сүйену жеткіліксіз екені анық. Жеке инвестициялар тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасаған жөн. Ол үшін, ең алдымен, салық саясаты тұрақты болуға тиіс. Сонда бизнес те сапалы дамуға ынталы болады және жауапкершілікпен жұмыс істейді.

Жаңа салық кодексі қазіргі жүйені қайта жаңғыртуға арналған. Бұл құжат салықтық әкімшілендіру ісінің салық төлеушілерге деген сенімге негізделген мүлде жаңа жүйесін қалыптастыруға тиіс. Кодекстің ережелерін әркім әрқалай қабылдамауы үшін оны жеңілдетіп, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бәрiне бірдей түсінікті ету өте маңызды.

Демек Отанымызға да, отбасымызға да пайдамыз тиеді деген сөз”, - деп баршамызға, барлық қазақстандықтарға үміт артты, сенім білдірді. “Бір-бірімізге қолдау білдіріп, құрмет көрсетуіміз қажет” деп “Біз – берекелі бірліктің арқасында түрлі сынақтан сүрінбей өткен халықпыз. Алдағы уақытта да солай болмақ. Бәріміз бір ел болып, әділетті және дамыған Қазақстанды бірге құрайық. Сонда әркім өз елінің кірпіші болып қаланып, арман-мұратына жете алады.

Әр адамға және баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекетті, яғни Әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет”, - деп те болашақ алдындағы жауапкершілігімізді де мойында артты.

Ең бастысы: “Ешкім де бәрiн табан астында өзгерте алмайды. Жылдар бойы шешімін таппай келген мәселелер бар. Біз ештенені жасырмай, бүкпесіз ашық айтамыз” деп, осал тұстарымызды, кемшіл жерлерімізді жасырмады.

Мойнымыздағы бірнеше несиеден, субсидия үшін өтірік жазылған артық жерден бастап, ең аржағын көшені ластап жүретін төмен санамыз да бұл Жолдаудан тыс қалмады...

Салық режимдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайды нашарлап кетпеудің ескере отырып, онтайландырып жөн. Бөлшек салықтың енгізілуін мысал ретінде айтуға болады. Осы нормаға сенім артқан кәсіпкерлер қызметін ашық жүргізе бастады, кәсіптерін бөлшектеуді азайтты.

Алайда бұл режим негізінен халықпен тікелей жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қатысты болуға тиіс.

Тұтынушыларға арналған қызметтер мен сауда-саттықтың мүмкіндіктері толық пайдаланылса, экономиканы дамыту, салық түсімдерін арттыру және халықты жұмыспен қамту шаралары тезірек нәтиже береді.

Фискалды реформа табысты болсын десек, салықтық әкімшілендіру ісін жаппай цифрландыру керек. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты сын-қатерлерді барынша азайтып, салық саласындағы үдерістердің ашық болуын қамтамасыз ету үшін оны тезірек электронды форматқа көшірген абзал.

Бүкіл салық саясатын жиі өзгеріп жатқан фискалды ахуалға бейімдеу керек, соның ішінде салық мөлшерлемесін де қайта қараған жөн.

Жеке табыс салығының мөлшерлемесін азаматтардың кірісіне қарай дифференциациялау қажеттігі туындап отыр.

Салықтық әкімшілендіру ісінде жазалау тәсілінен де бас тартқан абзал. Мәжбүрлеу шараларын қолданбай-ақ, хабарлама жіберу арқылы өндірілетін салық берешегінің жоғарғы шегін көтеруге болады деп ойлаймын. Ал салық берешегі осы шектен асып кетсе, қарыз сомасы аясында ғана шектеу қойылуға тиіс. Яғни, борышкердің банктегі есепшоты толық бұғатталмайды. Берешек сомасы тым көп болған жағдайда, кепілге мүлік қоюды талап етпей, қарызды бөліп төлеуге мүмкіндік берген жөн.

Жоспарға сай тексеру тәсілінен біржолата бас тартуға тырысу керек. Ол үшін қатерлердің алдын алу жүйесін жетілдіру қажет.

Салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру өзекті мәселеге айналды. Кәсіпкерлер өздері пайдаланатын салық жеңілдіктері бойынша есеп беруге тиіс. Бизнесті дамытуға нақты септігі тиегін жеңілдіктерді ғана қалдырған абзал. Мысалы, өндірісті өркендетеміз деген инвесторларға артықшылық беруге болады. Яғни, құрылыс салуға, активтерді сатып алуға, жаңғыртуға және қайта құруға бір реттік салық жеңілдігін берген жөн. Терең өңделген өнімді экспортқа шығаратын кәсіпкерлерге жеңілдіктер беру маңызды. Олар өзге бизнеске қарағанда көбірек қолдауға ие болуы керек.

Цифрлық активтер мен майнингті заңмен реттеп, криптобиржаларды одан әрі дамыту ісін жалғастырып жөн. Елімізде экономикаға қажетті электр қуатын өз керегіне шамадан тыс пайдаланатын, сөйте тұра салықты аз төлейтін кәсіпкерлер бар. Міне, осындайларды жөнге салу керек.

### “ӨР ТЕНГЕ ҮШІН САУДАЛАСПАЙ, ҚАЖЕТТІ ШАРАНЫ ӨЗ ЕРКІМЕН ЖАСАУ КЕРЕК”

Бас прокуратура ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсете бастады. Инвесторларға «жасыл дәліз» қағидасы бойынша жеңілдіктер берілді. Экономикалық қылмыстардың біразы қылмыс деп танылмайтын болды.

Алайда кәсіпкерлерден мемлекеттік органдардың шектен тыс қадағалап, бақылайтыны туралы шағымдар әлі де түсіп жатыр. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, инвестициялық ахуалға әсерін тигізетін жағымсыз үрдістерді жоюы керек.

Былтғыр бизнес өкілдерімен өткен кездесуде бұл мәселе бойынша мен нақты ұстанымды айттым. Біз кәсіп иелерімен өзара келісімге келдік, яғни «капиталды заңдастыру» үшін міндетті түрде Қазақстан экономикасына қаржы салу қажет болады.

Ең бастысы, салынған қаржы ел игілігіне жараяуы керек. Бұл талапты нормативтік тұрғыдан бекітіп алу қажет.

Тиісті реестрге енгізілген кәсіпкерлермен келісім жасаған кезде мемлекетке қайтарылатын активтерді «заңсыз» деп танымау туралы норманы бекітуге болады. Бұл – шын мәнінде, ірі кәсіп иелерінің мүддесіне сай келетін маңызды қадам. Бірақ, кәсіпкерлер де қаржыны республикалық бюджетке аудару мәселесіне келгенде Үкіметпен және Бас Прокуратурамен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс. Бұл – әр тенге үшін саудаласпай, қажетті шараның бәрiн өз еркімен жасау керек деген сөз. Олар осы елдің азаматы ретінде мектеп, аурухана, стадион, музей және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандар салуға қомақты қаржы бөлуге міндетті. Мұндай кәсіпкерлердің есімі жоғарт жандардың «алтын тізіміне» жазылады. Ал, одан бас тартқан немесе сөзбұйдаға салған кәсіпкерлерге қатысты әңгіме басқаша болады.

Жалғасы бар

Күні кеше жария болған Президент Жолдауында айтылғандай “Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді.

Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады.

Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрi, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуға тиіс.

Саяси және қоғамдық болмысы, менталитеті мен мәдени коды өзгерген Әділетті Қазақстан халқының тағы бір қалауын жасайтын кез туып тұр.

Биылғы жылдың 2-ші қыркүйегінде Президент жалпыға бірдей елімізде Атом электр станциясын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтеді.

Жолдауда айтылғандай “ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр станциясы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек”.

Жалпы Қазақстанда атом электр станциясын салу қажеттігі туралы біраз жылдан бері айтылып келеді. Бұл ұсынысты қолдаушылармен қатар қарсы болып жатқандар қарасы да аз емес. Осыдан үш жыл бұрынғы ел бойынша сауалнама нәтижесі бойынша қарсылар жарыдан астам еді.

Президент жұртшылық арасында түсінік, ақпараттың жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Одан бөлек, осыдан бір жыл бұрын “Бұл мәселенің шешімін халықтың өз қалауына қалдырайық. Халық қалауын айқындайтын референдум өткізейік” деген болатын.

Арадағы уақыт ішінде қолдаушылардың да, қарсылық білдірушілердің де өз ойларын, пікірлерін ашық айтуға мүмкіндігі болды. Жер-жерде ашық қоғамдық тыңдаулар, жария талқылаулар өтті. Сарапшылар мен мамандар энергия көзінің тапшылығына орай осы станцияға мұқтаж екенімізді, одан бөлек бұл станцияға қол жеткізсек экономикаға құйылар инвестицияның денгейі көтерілетінін, кадр, маман әлеуеті атартынын да тағы да басқа керек тұстарын айтып, дәлелдеп бақты.

Әйтеуір биылғы тамыздың бас жағында өткізген тағы бір сауалнама атом электр станциясын салуды жақтаушылар қатары жарыдан асты деп жар салды.

Бір жылдан бері қай кезде өтері белгісіз болып, көп көңілдерде күман мен үміт болып тұрған референдум өтетін күн де Жолдаудан кейін ілешала жарқ ете қалды.

Бір жылдан бері референдум өткізуге білек сыбанып, белді бекем буып отырған билік Жарлық шыққан мезеттен-ақ әзірлік, дайындық жұмыстарын бастап кетіпті.

Мәселен, Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафинаның айтуынша Мемлекет басшысы референдум өткізудің болжамды мерзімдерін бірнеше рет атап өткендіктен, Орталық Сайлау комиссиясы алдын ала дайындалып, шығындардың жалпы сомасын есептеген, олардың болжамды сметасына сәйкес 15,5 млрд. теңгені құрайды.

Оның деректері бойынша, бұл сома 63 елде орналасқан және ашылған 78 шетелдік сайлау учаскелерінде республикалық референдум ұйымдастыруды және өткізуді қамтиды.

«Бұл сметада жалпы соманың 71% – ы барлық органдардың комиссия мүшелерінің еңбегіне ақы төлеуді құрайды — олар 70 мыңнан астам. Қалған 29% – ы басқа да ұйымдастырушылық шығыстарға – ақпараттық сүйемелдеуге, бюллетеньдер, типографиялық өнімдер, кенсе тауарлары және учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру үшін қажет нәрсенің бәрiне бағытталған», — дейді ол.

Орталық сайлау комиссиясының шығыс сметасы осылай болғанымен бұл смета Қаржы министрлігінен, Ұлттық экономика министрлігінен және Әділет министрлігінен өтуі керек. Осыдан кейін ғана үкімет олардың барлық дәлелдеріне, негіздемелеріне, бүгінгі күні елде бар баға ұсыныстары бойынша қоса берілген барлық құжаттарға байланысты шешім қабылдайды.

### Президент жарлығы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы» Жарлыққа қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес Қаулы етемін:

- 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізілісін.
- Республикалық референдумға: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келіссіз бе?» деген сауал шығарылыс.
- Осы Жарлық 2024 жылғы 3 қыркүйекте бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
- Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдайды.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді».

Сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының отырысында референдумға шығарылатын сұрақ та жарияланған.

Комиссия төрағасы Нұрлан Әбдіровтың айтуынша Республикалық референдумға «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келіссіз бе?» деген тұжырымдағы ел болашағы үшін маңызды сауал шығарылады екен. Оған иә немесе жоқ деп жауап беру әр қатысушының өз еркінде.

Айта кету керек, референдум белгіленген уақыттан бастап жергілікті сайлау комиссиялары референдум комиссияларының функцияларын орындайды. Референдумға дайындалып, осы республикалық шараны ұйымдастырады. Орталық сайлау комиссиясы да уақытша референдум комиссиясы болып жұмыс атқарады.

Жалпы Қоғамда мектептерде сайлау учаскелерін орналастыру, мұғалімдерді осы сайлау жұмыстарына тартуға орай қерғең пікірлер баруы рас. Орталық референдум комиссиясы төрағасы Нұрлан Әбдіровтың айтуынша ол шетелдік тәжірибені зерделеп шыққан. «Мен Үндістанда, Мажарстанда, Оңтүстік Кореяда болдым. ТМД мемлекеттерін айтпай-ақ қояйын, барлық жерде сайлау мектептерде өтеді. Бізде былай қарасаңыз, ауылдарда мемлекеттік деңгейде басқа ғимарат жоқ. Әкімдікте өткізбейміз ғой. Ал мәдениет үйі барлық жерде жоқ. Сондықтан мектепте өткізбеу мүмкін емес», - дейді ол.

Шетелде мектеп ғимаратында бір емес, бірнеше сайлау учаскесін ашып жатады екен.

- «Себебі ғимарат тапшы, мәселе сонда. Біреудің үйіне барып ашпайды ғой. Әкімдікте өткізе алмаймыз. Өйткені біз атқарушы биліктен алшақ болуымыз керек», - деген оның жауабы көп көкейіне қонса ығ...

Комиссия төрағасының орынбасары Константин Петровтың айтуынша, бүгінде республикалық референдум туралы конституциялық заң бар. Оған сәйкес, сайлаушылар тізіміне кірген адамдардың жартысынан көбі дауыс берсе, референдум қай кезде өтті деп саналады екен.

«1 шілдедегі жағдай бойынша 12 176 968 адам дауыс бере алады. Бірақ бұл нақты тізім емес, референдумға 20 күн қалғанда сайлаушылардың нақты саны белгілі болады», - дейді Петров.

Республикалық референдумда дауыс бергендердің ішінде жартысынан көбі «иә» немесе «жоқ» деген жауапты таңдаса, соған АЭС құрылысы бойынша шешім қабылданады. Сол кезде қазақстандықтар нақты бір сауалға жауап беруге тиіс. Ол - «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келіссіз бе?». Бұған «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру әркімнің өз қалауы. Содан да референдумды «бұл – Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат» дейміз...

С.Бижожаева



# СУҒА ТҮСУ МАУСЫМЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ҚАНДАЙ?...

Жылдың жаз мезгілі жақындағанда суға шомылу маусымы басталып, су жағалауына баратын адамдар саны жиілейді. Осы ретте су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, күнделікті рейд жұмыстары жүргізіледі. Бұл ретте құтқарушылар тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырғанымен, қайғылы оқиғалардың болуы өзекті мәселеге айналып отыр.

Күздің келуімен және суық мезгілдің басталуымен көптеген аймақтар шомылу маусымын қорытындылай бастайды, ол әдетте жағажайлар мен бассейндердің жабылуымен аяқталады. Бұл процесс қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және келесі маусымға дайындалуға бағытталған әртүрлі шаралармен бірге жүреді. Осы орайда Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы азаматтық қорғау майоры Бабаев Ғабит Әбдінеұлымен суға түсу маусымының аяқталуы туралы сұхбаттастық.

- Өткен жылдармен салыстырғанда биылғы статистика қандай?

- Қала аумағындағы су айдындарында, әсіресе Сырдария өзенінде жасөспірімдердің әртүрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырауының алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар басқармасымен тиісті жұмыстар атқарылуда. Жыл басынан бері 1 жағдай тіркеліп, 2 жаөспірім суға түсу маусымы кезінде қаза болды. Сонымен қатар өткен 2023 жылы қала аумағындағы су айдындарында 2 жағдай тіркеліп, 2 адам қаза болды, оның 1-і бала.

- Су айдындарындағы қауіпсіздік бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып өтсеңіз...

- Суға түсу маусымы басталғаннан бері Басқарма қызметкерлері мен құтқару бөлімшелерінің құтқарушылары су айдындарында 270 рейд өткізіп, 5350 азаматқа судағы қауіпсіздікті түсіндіріп ұнпарақтар таратты. Қала аумағында адам көп шоғырланған орындарда (Арай сити молл ойын-сауық орталығы, Жаңа базар, Ескі базарларға және темір жол автовокзалдарға) дауыстық зорайтқыштар арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Үстіміздегі жылы қала аумағында су айдындарында қауіпсіздік ережелері бойынша республикалық, облыстық телеарналарда, радиода су айдындарындағы қауіпсіздік және балық аулау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша сөз сөйленді, сондай-ақ баспа басылымдарында «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында 5 мақала жарияланып, басқарманың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында 52 бейнеролик пен 61 мақала жария етілді. Биылғы жылғы суға шомылу маусымына дайындық жұмыстарын жүргізу барысында Қызылорда қаласында орналасқан қауіпті аймақ зерделенді. Нәтижесінде 18 қауіпті аймақта «Суға түсуге тыйым салынады» деп ескерткен 30 ескертпе тақтайшалар жаңартылып, қала аумағында барлығы 78 тақтайша орнатылды. Сонымен қатар Қызылорда қаласында орналасқан «Kiporexh» және «Жібек жолы» ойын-сауық сауда үйінде орналасқан кинотеатрда әр сеанс басталар алдында 50 секундтық «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

- Су айдындарында ересектер мен балалардың қаза болуының басты себептері...

- Суда адамдардың қаза болуының негізгі себебі қауіпсіздік ережелерін ересекел бұзу болып табылады, атап айтсақ: өзен немесе каналдардың кез-келген, әрі зерттелмеген (ағысы

жылдам, терең, жағалары тік жар) жерлеріне суға түсуі; масаң күйде суға түсуі; қайыққа жабысу және қайық бортнан секіру; ересектердің бақылаусыз балалардың су жағасына баруы мен суға түсуі және олардың жүзе білмегендігі қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтыруда. Су айдындарында жасөспірімдердің қайғылы жағдайларға ұшырауын болдырмау мақсатында Басқарма қызметкерлері суға шомылуға тыйым салатын 18 қауіпті аймақта шомылу фактілерін анықтау бойынша күнделікті рейдтік іс-шаралар жүргізді.

- Қала аумағында орналасқан қанша қауіпті учаскілер бар және түсуге рұқсат етілген орындар бар ма?

- Қала аумағында 18 қауіпті учаскі орналасқан. Сонымен қатар суға түсуге арналған екі аймақ белгіленген, яғни «Сыр самалы» және «Сыр толқыны» болып табылады. Яғни бұл аталған аймақтар "Сыр самалы" Арай мөлтек ауданында орналасқан ақылы демалыс аймағы болып табылады. "Сыр толқыны" орналасқан жері Көксу демалыс аймағы болып табылады.

- Суға түсуге рұқсат етілмеген жерлерде суға түскен жағдайда қандай шара қарастырылған?

- Басқарма қызметкерлері және Қызылорда қаласы әкімдігінің қызметкерлері, Полиция басқармасы қызметкерлері, Ұлттық ұлан қызметкерлерімен күнделікті сағат 13:00 мен 20:00 аралығында рейдтік жұмыстар жүргізілуде, осыған байланысты қала аумағында Әкімшілік құдық бұзушылық туралы Кодекстің 412 бабына сәйкес бекітілмеген су айдындарында суға түскені үшін 10 жеке тұлғаға хаттама толтырылып, айыппұл шарасы көрілді. Қалалық полиция басқармасымен бірлесіп суға шомылу маусымы кезеңінде ҚР ӘҚБтК 364 - бабы (Ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу) бойынша 81 адамға ескерту шарасы көрілді.



- Балалардың қауіпсіздігі бойынша қандай жұмыстар жүргізілді?

- Бүгінгі күнге дейін қала аумағында орналасқан 17 колледждің 1870 студентіне, 56 мектептің 8650 оқушысына, сондай-ақ 560 ата-анаға «Су айдындарындағы қауіпсіздік» бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қала көлемінде «Судағы қауіпсіздік ережелері», «Суда зардап шегушілерді құтқару, алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету тәсілдері» бойынша 48 интерактивтік сабақ өткізіліп, 56 мектептің басшылары мен мұғалімдеріне судағы қауіпсіздік ережелері жөнінде сабақ өткізілді. Білім беру саласындағы бағдарламалық қамтамасыз ету республикалық «Kundelik.kz» платформасында Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелерін ескертетін ақпараттық жадынамалар орналастырылды (барлық мектеп оқушылары және олардың ата-аналарымен күнделікті пайдаланылатын қолданыстағы платформа). Сонымен қатар Евразия спорт кешенімен меморандум келісім шарты жасалды. Бұл бастама арқылы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларын суға жүзуге тегін үйрету жұмыстары жүргізілуде.

- Атқарылып жатқан іс-шаралар қай уақытқа дейін өз жалғасын табады?

- Қала аумағында суға түсу маусымы басталған ерте көктемде біршама жұмыстар жасалды. Осы орайда рейдтік іс-шаралар қыркүйек айының 20-на дейін жалғасын табады. Сонымен қатар қала қонақтары мен тұрғындарына тек белгіленген орындарда суға түсуге кеңес беремін және балаларыңызды қараусыз қалдырмауларыңызды сұраймын.

Сұхбаттасқан: Мұхаммедшах КАЮП

## «БЖЗҚ» АҚ-НЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 7 АЙДА КӨРСЕТКЕН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ САНЫ 30 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚТАДЫ

01.01.2024ж. бастап 31.07.2024ж. аралығында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) халыққа 29,2 млн астам қызмет көрсетті. Қызметтердің жалпы санының 13,3 млн астамы электрондық форматта көрсетілсе, 14,8 млн қызмет автоматты түрде, ал қашықтықтаншамамен 0,38 миллионы жүзеге асырылды. Күндізгі форматта 689 мыңнан астам қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қор кеңселерінде шамамен 663 мың қызмет ұсынылды.

Өздеріңізге белгілі, БЖЗҚ цифрлық форматта көрсетілетін қызметтер тізбесін үнемі жаңартып, кеңейтіп отырады. Тиісінше, салымшылардың Қор кеңселеріне бармай-ақ алатын қызметтер саны өсуде. Оның ішінде, нысаналы талаптарға қатысушылар үшін шоттар (ЖЗШ/ШЗШ/НЖШ) мен карта ашу.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар автоматты түрде есептеледі. Қызметтердің көп түрі, оның ішінде, шоттарды автоматты түрде ашу, кемелетке толмаған азаматтарға нысаналы талаптарды есептеу және ЖМЗЖ сомаларын есепке алу БЖЗҚ-ның мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялануының арқасында мүмкін болып отыр. Есепті кезең ішінде шартты зейнетақы шоттарының (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аудару нәтижесінде ашылған ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын (НЖШ), «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасы шеңберінде қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 4,5 млн бірліктен асты.

Сервисстерді цифрландырудың арқасында БЖЗҚ салымшыларына жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ, нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірмелер алу қызметін пайдалану өте оңай, әрі тез. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 15,2 млн астам үзінді көшірме берілді. Оның ішінде 12,0 млн үзінді көшірме электронды түрде және шамамен 2,7 млн автоматты режимде рәсімделді.

БЖЗҚ сайттары және ұялы қосымшадағы Жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне, банктік деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар екенін еске салады. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мөртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамау есептеу, ерікті зейнетақы жарналарын аудару және т.б. қызметтер өлемнің кез-келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді.

2024 жылғы есепті кезеңде деректемелерді өзгертуге 128 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 116,8 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды. БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызметке жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыру бойынша да қосымша кеңестер ала алады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында шамамен 24,3 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 513,2 мың адам қатысты. Олардың барлығы жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы сұрақтар қойып, мамандардан білікті кеңестер ала алды. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 23,4 мың материал жарияланды.

Салымшылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 385 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу немесе Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, X(Twitter), Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Омега Сервис КЗ» ЖШС, БСН: 960140001069 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Бұхарбай Батыр көшесі, 766 үй, тел. +7 701 460 3848. ТОО «Омега Сервис КЗ», БИН: 960140001069 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня публикации объявления по адресу: город Кызылорда, улица Бухарбай Батыра, дом 766, тел.: +7 701 460 3848.

## ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ 20 ТРЛН. ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша отандастарымыздың БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарындағы зейнетақы активтері 20,26 трлн. теңгеден асып, жыл басынан бергі 7 ай ішінде 2,7 трлн. теңгеге жуық (немесе 7,7%) өсті. Зейнетақы жинақтарының жылдық өсімі -3,9 трлн. теңге (немесе 23,7%).

Қазақстандықтардың жинақтарының 96,32%-ы МЗЖ есебінен қалыптасқан, олардың көлемі 01.08.2024ж. шамамен 19,5 трлн. теңге болды (бір жылдағы өсім – 23%, жыл басынан бері-12,8%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары - 618,14 млрд. теңге, бір жылдағы өсім – 19,6%, ал жыл басынан бері 8,7% артты. Ең үлкен өсімді (жылына 47%, жыл басынан бері 26,2%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың көлемі - 6,7 млрд. теңге.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 7 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы шамамен 120,5 млрд. теңгеге жетті.

Кіріс ағындары Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2024 жылғы қаңтар-шілде айларында салым-

шылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналары 1,55 трлн. теңгеден асты (өсім өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 29,5% немесе 353,5 млрд. аса теңгеге артық).

Жарналардың барлық түрлері оң сипатты көрсетті: МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.08.2024 жылға дейін 1,36 трлн. теңгеден астам (бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,5% артық), МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға шамамен 66,01 млрд. теңге (өсім 20,4%), ЕЗЖ - 1,7 млрд. теңге (өсім 34,4%) түсті.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.08.2024 ж. шамамен 1,38 трлн. теңге. Бұл сома өткен жылмен салыстырғанда 620,3 млрд. жуық теңгеге (немесе 81,5%) артты.

Төлемдер мен аударымдар 2024 жылдың 7 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары 608,64 млрд. теңгеден асты. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі төлемдер көлемінен 322,4 млрд. теңгеге немесе 112,7% көп.

266,16 млрд. теңге - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (ЕЗТ).

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен 114,5 млрд. теңге, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 37,4% жоғары.

Сондай-ақ, осы кезең ішінде мұрагерлік бойынша төлемдер – 34,83 млрд теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұрға кетуге байланысты төлемдер – 22,21 млрд. теңгеден астам, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – 1,8 млрд. теңгеден астам, жерлеуге төлемдер – шамамен 5,9 млрд. теңге көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 163,3 млрд. теңгеден астам сома аударылды.

Зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан берілетін орташа айлық төлем - 33 847 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы - 945 752 теңге болды.

ЖЗШ саны 2024 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны 16,46 млн. бірліктен асты. Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2024 жылдың 1 тамызынашамамен 12,4 млн. бірлікке тең. Оның ішінде: 11,07 млн - МЗЖ бойынша, 690,7 мың - МКЗЖ бойынша, 425 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - шамамен 4,08 млн. бірлік. Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

<b>МЕНШІК ИЕСІ:</b>  «Желтоқсан и К» ЖШС  Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА  Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	<b>Редакцияның мекен-жайы:</b>  Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1  Телефон: 23-16-08 23-16-11	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	<b>ТАРАЛЫМЫ:</b> 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. <b>Мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 <b>Таралу аумағы:</b> Қазақстан Республикасы <b>Тапсырыс</b>	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
--	---	--	---	---



## «МЕКТЕБІМ – МЕЙІРІМ МЕКЕНІ»

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес Білім күніне орай Қызылорда облысындағы барлық мектепте 1 және 11 сынып оқушылары үшін «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты шара өтті. Оған бөлініске сәйкес облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыс әкімінің орынбасарлары Данияр Жаналинов, Шахмардан Байманов, Бахыт Жаханов, Ардақ Зебешев, облыс әкімінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқаушы» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, облыс әкімі аппаратының басшысы Әділхан Мұхамедияров, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, сала басшылары мен мәслихат депутаттары қатысып, оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесіне ерекше тоқталып, «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз», - деп міндеттер қойды.

Ел Президенті алға қойған міндеттерге сәйкес аймақта бала болашағына, мұғалім мәртебесіне бағытталған қолдау шаралары өз нәтижесін беруде.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 21 мектеп салу жоспарланған.

Оның 10-ның құрылысы биыл аяқталса, 11-і келер жылы пайдалануға беріледі.

«Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты, балаларды қосымша біліммен қамту үлесін арттыру мақсатында «ҚазГЕРМұнай» компаниясының демеушілігімен заманауи

Оқушылар сарайы, жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданында 200 орындық Оқушылар үйі және 50 орындық Өнер мектебі салында.

Сол жағалауда «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледж ғимаратының іргетасы қаланып, құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында биыл облыс орталығынан «Шығармашылық академиясының» құрылысы басталды.

Жаңа оқу жылы қарсаңында Шиелі ауданында 100, Жаңақорған ауданында 150 орындық мектептер ел игілігіне табысталды.

«Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы, жергілікті бюджет есебінен Шиелі, Жаңақорған, Қармақшы аудандарындағы, Қызылорда қаласындағы білім беру ұйымдары жанынан қосымша құрылыстар салынды.

Сонымен қатар демеушілік есебінен Арал ауданының Тоқабай және Ақшатау ауылдарындағы мектептер пайдалануға беріледі.

Осы жылы оқушылардың қолайлы ортада білім алуын қамтамасыз ету мақсатында 8 мектеп ғимараты күрделі жөнделді. Оның 5-і Қызылорда қаласында, 3-і Жаңақорған, Сырдария, Жалағаш аудандарында. Мыңдаған шәкірт қайта жаңғыртылған алтын ұяларында жаңа оқу жылын бастады.

Айта кету қажет болар жексенбі, яғни 1 қыркүйек күні жұмысқа шыққан педагогтерге «Еңбек Кодексіне» сәйкес қосымша ақы төленеді немесе басқа күндері демалыс қарастырылады. Бұл жөнінде мектеп әкімшілігі шешім қабылдайды.

Өткен жылы облыстағы 330 мектепте 181 804 оқушы болса, биылғы оқу жылында 184 924 оқушы бар, бала саны 3 120-ға артқан. Биыл 1-ші сыныпқа 17 383 бала қабылданды.

## «БАЙКЕНЖЕ»-НІҢ 150 ОРЫНДЫҚ МЕКТЕБІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданының «Байкенже» ауылындағы 150 орындық мектептің ашылу рәсімінде қатысты.

Аймақ басшысы жұртшылыққа ізгі тілегін білдіріп, ауыл тұрғындарының игілігіне арналған жаңа ғимараттың пайдалануға берілуімен құттықтады.

Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында соңғы жылдары білім саласында маңызды

жобалар жүзеге асырылып, заманауи жаңа білім ошақтары көптеп бой көтеруде. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд. теңге болса, бүгінде 733 млрд. теңгеге жетті. Бұл қаражат ірі инфрақұрылымдық жобаларға, жол салуға, ауыз су, электр, газ желілерін жеткізуге, ескілерін жаңартуға, сөйтіп тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды. Әлеуметтік жобалар да назардан тыс қалмай, мектептер, қосымша білім және тәрбие беру

орталықтары, емдеу мекемелері, мәдениет нысандары салында. Биыл білім саласына бөлінген қаржы 262 млрд. 100 млн. теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 35,8 пайызын құрады. Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынатын 21 мектептің 10-ының құрылысы биыл аяқталды, тағы 11 мектеп келер жылы пайдалануға беріледі. Оның 2-еуі Жаңақорған ауданында бой көтереді.

Бұл мектеп құрылысы бытыр басталған. Бұл жұмыстарға облыстық бюджеттен 936 млн. теңге қаралды», - деді аймақ басшысы.

Салтанатты іс-шарада қоғам қайраткері Сұлтанбек Тәуіпбаев ауыл тұрғындарын құттықтап, ардагерлер ұйымының төрағасы Балтабай Серкінбайұлы бата берді.

Іс-шара соңында қонақтар жаңа ғимаратты аралап көрді.

Рәсімінен кейін аймақ басшысы жиналған жұртшылықтың ұсыныс-пікірлеріне кезек беріп, мәселелерін тыңдады. Аймақтың, ауданның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінен мысал келтіріп, алдағы жоспарлар туралы айтты.

## ЖАҢАҚОРҒАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ

Биыл Сыр өңірінде білім саласына бөлінген қаржы 262 млрд. 100 млн. теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 35,8 пайызын құрады. Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 21 мектеп салу жоспарланған. Оның 10-ның құрылысы биыл аяқталса, 11 мектеп келер жылы пайдалануға беріледі.

«Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Өткен аптада Шығармашылық-инновациялық орталығының іргетасы қаланды. Арал ауданы Тоқабай ауылындағы апатты, Ақшатау ауылындағы бастауыш мектептің жаңа ғимараттары жеке инвесторлардың демеушілігімен бой көтеруде. Облыстық бюджет есебінен 8 мектеп ғимараты күрделі жөнделуде өтті.

Өңірде жеке білім беру ұйымдарының желісі артып келеді. Биылдың өзінде олардың саны 7-ге көбейді, осылайша, жаңа оқу жылында жеке мектептер саны 40-қа жетеді. Соның бірі – Жаңақорған аудан орталығында ашылған зияткерлік мектеп-интернат. Білім ошағы заманауи талаптарға сай қажетті құрал-жабдықтармен толық жарақтандырылған. Бүгінгі өзінде 400-ден астам оқушы қабылданды, оның 64-і мектеп табалдырығын алғаш аттайды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапарымен барып, аудан орталығындағы 400 орындық мектептің ашылу рәсімінде тұрғындарды құттықтады. Жаңа мектептің жанында 200 орындық жатақханасы бар.

Аймақ басшысы өскелең ұрпақтың жайлы мектептерде білім алуы, қосымша білім беру ұйымдарында қабілетін шыңдауы үшін атқарылатын жұмыстарды атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жас ұрпақтың игілігі жолындағы шаруаларға баса мән берілетініне тоқталды.



«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс», - деп атап өтті.

Биылғы оқу жылы облыс түлектері үшін жемісті әрі нәтижелі болды. Өңіріміз соңғы төрт жылда Ұлттық біріншілік тестілеудің орташа балл көрсеткішімен республикадағы алғашқы үштікке енген еді. Биыл жиырма өңірдің ішінде бірінші орыннан көрінді. Мемлекеттік грант конкурсына қатысқандардың 76 пайызы, яғни 4 752 оқушы еліміздің жоғары оқу орындарына түсті. Бұдан бөлек, тұрмысы төмен отбасы балалары үшін аймаққа қажет мамандықтарға облыс әкімінің 100 гранты бөлінді. Алдағы уақытта да дарынды балаларымызды, талантты жастарымызды қолдау шаралары жалғасын табады», - деді аймақ басшысы.

Салтанатты рәсімде Қазақстанның Құрметті құрылысшысы Самұрат Имандосов жаңа білім ошағының ашылуымен құттықтап, қоғам қайраткері Әбдіғаппар Әмірғалиев бата берді.

Ашылу рәсімінен кейін аймақ басшысы тұрғындармен кездесіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бастамаларды, қолға алынған жобаларды, алдағы атқарылатын жұмыс жайын талқылады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс», - деп атап өтті.

Биылғы оқу жылы облыс түлектері үшін жемісті әрі нәтижелі болды. Өңіріміз соңғы төрт жылда Ұлттық біріншілік тестілеудің орташа балл көрсеткішімен республикадағы алғашқы үштікке енген еді. Биыл жиырма өңірдің ішінде бірінші орыннан көрінді. Мемлекеттік грант конкурсына қатысқандардың 76 пайызы, яғни 4 752 оқушы еліміздің жоғары оқу орындарына түсті. Бұдан бөлек, тұрмысы төмен отбасы балалары үшін аймаққа қажет мамандықтарға облыс әкімінің 100 гранты бөлінді. Алдағы уақытта да дарынды балаларымызды, талантты жастарымызды қолдау шаралары жалғасын табады», - деді аймақ басшысы.

Салтанатты рәсімде Қазақстанның Құрметті құрылысшысы Самұрат Имандосов жаңа білім ошағының ашылуымен құттықтап, қоғам қайраткері Әбдіғаппар Әмірғалиев бата берді.

Ашылу рәсімінен кейін аймақ басшысы тұрғындармен кездесіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бастамаларды, қолға алынған жобаларды, алдағы атқарылатын жұмыс жайын талқылады.

## ҚАЗАНДА ЫСТЫҚ СУ БОЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласының тұрғындарын орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға жауапты сала басшылары қатысты.

Облыс әкімі бөлінген қаржыны тиімді пайдалануды, жұмысты сапалы жүргізуді ескертті.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласының көпқабатты тұрғын үйлеріне ыстық су құбыры жүргізілуде.

Биыл Үкімет резервінен 187 тұрғын үйге құбыр тартуға 11 млрд. теңге қаржы бөлінді. Ендігі ретте осы қомақты қаржыны тиімді, уақытты және сапалы игеруіміз қажет. Сондай-ақ, келесі жылға жоспарланған істер осы бастан жүйеленгені жөн. Қазір екі ауысымдық режимге көшіп, жұмысты жеделдетіңіздер. Қазан айында тұрғындар ыстық сумен қамтылуы тиіс.

Оған қоса әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндірме жүргізуді назардан тыс қалдырмаңыздар. Көп қабатты тұрғын үйлердегі жұмыс барысын күнделікті қадағалаңыздар.

Ыстық су – қала тұрғындарының қаншама жыл күткен игілігі. Істі бастадық па, соңына дейін жеткізуіміз керек.

Өріптестер, берілген тапсырмалардың орындалуы қатаң бақылауда болады. Алдағы жылы беру маусымына дейін жұмысты аяқтап, тұрғындар ыстық суды пайдалана бастауы қажет», - деді Н.Нәлібаев.

Сонымен қатар жиында жауапты басшыларға мердігер мекемелермен күнделікті байланыста болу, тапсырмалардың орындалуын қадағалау міндеттелді.

## ШИЕЛІНІҢ АУЫЛ МЕКТЕБІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданы, Иіркөл ауылдық округіне қарасты Жансейіт ауылында 100 орындық жаңа мектептің ашылу рәсімі өтті. Салтанатты жиынға жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды жұмысын жаңадан бастаған білім ошағының ел игілігіне берілуімен құттықтады.

«Айтулы мерекелер қарсаңында білім мен тәрбиенің алтын бесігі – жаңа мектептің ашылуы жерлестерімізді қуанышқа бөледі. Бүгін міне, ел ағаларымен бірге салтанатты рәсімде бас қостық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Сапалы білім беру – бәсекеге қабілетті, өркениетті ел болудың кепілі» деп ерекше атап өтті. Шын мәнінде, білім алуға қолайлы жағдай жасау елімізді өркениет шыңына жетелейді. Жас ұрпақтың білімді, саналы, салауатты болып жетілуіне барлық жағдай жасалуда. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд. теңге болса, бүгінде 733 млрд. теңгеге жетті. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда.

Биыл білім саласына бөлінген қаржы 262 млрд. 100 млн. теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 35,8 пайызын құрады. Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 21 мектеп салу жоспарланған. Оның 10-ның құрылысы биыл аяқталса,

11 мектеп келер жылы пайдалануға беріледі. «Жайлы мектептің» біреуі Шиелі кентінде бой көтереді.

Басқосуда ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына және заманауи мектеп ғимаратының сапалы салынуына сәуелі үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қызылорда қаласында «Білімді қолдау қоры» есебінен дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Өткен аптада Шығармашылық-инновациялық орталығының іргетасы қаланды.



Арал ауданы Тоқабай ауылындағы апатты мектеп және Ақшатау ауылындағы бастауыш мектептің жаңа ғимараты жеке инвесторлардың демеушілігімен бой көтеруде. Жаңақорған және Шиелі аудандарында 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебінің құрылысы жүруде.

Өткен жылы облыс орталығындағы 4 мектептің орын тапшылығы мәселесі 1 850 орынға арналған қосымша ғимараттар салу арқылы шешілді. Бір жағынан қаржы үнемделді, екінші жағынан мектептер үш ауысымды оқуға көшкен жоқ.

Биыл Шиелі, Жаңақорған, Қармақшы аудандарындағы, Қызылорда қаласындағы мектептер жанынан қосымша ғимарат, асхана, спорт залы сияқты құрылыстар салынды. Облыстық бюджет есебінен 8 мектеп ғимараты күрделі жөнделуде өтті.

Бүгінде Шиелі ауданының бюджеті 15 млрд. 873 млн. теңгеге жетті. Аудандағы 39 елді мекеннің 95 пайызы, 86 мың тұрғынның 99,9 пайызы сапалы ауыз су құбырына қосылған. Халықты электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында бас қосалқы станцияны қайта жаңғырту басталды.

Биыл Ортақшыл елді мекеніне газ құбырын тартуға облыстық бюджеттен қаржы бөлінген. Осы ауыл жыл аяғына дейін газға қосылған соң аудан тұрғындарының «көгілдір отын» тұтыну көрсеткіші 80%-ға жетеді.

Шиелі кентінде «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 30 төсектік жұпталы аурулар бөлімінің, аурухана жанынан МРТ аппараты орналасатын қосымша блоктың құрылысы қарқын алды.

## «ҚАМҚОРЛЫҚ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Жаңақорған ауданына жұмыс сапары барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған кентіндегі «Қамқорлық» оңалту орталығының ашылу салтанатына қатысты. Іс-шарада «Қазақстан халқына» әлеуметтік қоры денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы бағдарламаларды басқару орталығының басшысы Гүлзия Бидатова, «Қамқорлық» корпоративтік қоры директорының орынбасары Гүлмира Әбілдинова болды.

Аймақ басшысы тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, «Қамқорлық» қоры басшылығына алғыс білдірді.

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында медициналық көмекті қолжетімді ету, ана мен бала өлімін азайту, балалар мүгедектігінің алдын алу бағытында нақты міндеттер жүктелді. Біз адам жанының арашасы болған дәрігерлерді жан-жақты қолдауға әрдайым мүдделіміз. Қазір ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен өңірімізде ана мен бала саулығын сақтауға бағытталған маңызды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Биыл денсаулық сақтау саласына 140 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұл мақсатқа бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыстамыз. Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 2 млрд. теңге қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылып, аса қымбат дәрі-дәрмек алынды. Қор облыстық онкология орталығын республикада 3 облыста ғана бар, құны 1 млрд. 100 млн. теңге тұратын скринингке

арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Бюджет қаражатын оңталу пайдалану мақсатында осы «Қамқорлық» оңалту орталығының ғимараты күрделі жөнделуден өткізілді. Озық үлгідегі жабдықтармен жарақталды. Орталықта жылына 2000-ға жуық баланы оңалтуға мүмкіндік бар. Жоғарыда атап өткеніміздей, осындай заманауи орталық бұған дейін облыстық балалар ауруханасының жанынан ашылған. Ол жиелі және кешенді тәсілдермен жұмыс жасап, тиімділігін көрсетті. Сондықтан біз мұндай орталықтарды аудандарда да ашу туралы шешім қабылдадық. Алғашқысын Жаңақорған ауданында пайдалануға береміз. Дәл осындай нысан жыл соңында Арал ауданында да ашылады», - деді аймақ басшысы.

Салтанатты іс-шарада «Қазақстан халқына» әлеуметтік қоры денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы бағдарламаларды басқару орталығының басшысы Гүлзия Бидатова, «Қамқорлық» корпоративтік қоры директорының орынбасары Гүлмира Әбілдинова жаңақорғандықтарды орталықтың ашылуымен құттықтап, қоғам қайраткері Әбдибулла Ахимов бата берді. Мұнан бөлек, ардагерлер мен белсенді азаматтар, «Қамқорлық» оңалту орталығының қызметкерлері облыс әкімінің Алғысымен марапатталды.

Іс-шара соңында қонақтар орталық жұмысымен танысты.

Сыр өңірінде «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 27 нысан салу жоспарланған. Өткен жылы елді мекендерде 15 дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталды.



## ТҮРКІ ӘЛЕМІ КӨЗ ТІККЕН КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ...

**V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының басталуына санаулы күндер қалды. Қазір дүбірлі дода өтетін Астана қаласында дайындық жұмыстары қызу жүріп жатыр. Халық көп жүретін орындар мен өртүрлі нысанның алды безендірілген. Жарысқа 90 ел қатысуға ниет білдірген. Екі мыңнан аса спортшы келеді деген жоспар бар.**

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары 8-13 қыркүйек аралығында өтеді. Қатысушылар мен қонақтарды қабылдау үшін 21 қонақүй мен 343 келік жұмылдырылады. Шарадан қазақстандық және шетелдік 1000-ға жуық журналист ақпарат таратпақ.

Жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында көшпенділер ойынын өткізу де еліміз үшін айтулы оқиға екенін айтқан еді.

- «Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәріптеу жағынан да, Ұлы даладағы көшпенділер өркенінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызды екені сөзсіз»-деді Президент.

Сол кезде жарысты өткізуге 8 миллиард теңге бөлінгені хабарланған болатын.

### ШАРА ҚАЙДА ӨТЕДІ?

Ойындар үш бағыт спорт, мәдениет және ғылым бойынша өтеді. Шараны өткізу үшін Астананың 6 нысаны таңдалған. Олар: «Астана-Арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы, Ж.Шүкempiров атындағы жекпе-жек сарайы, «Алау» мұз айдыны, «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешені, «Думан» кешені.

«Қазанат» ипподромында және Этноауыл аумағында ат жарысы, дәстүрлі садақ ату және құстармен аң аулаудың ұлттық түрлері бойынша жарыстар өтеді. Ж.Шүкempiров атындағы Жекпе-жек сарайы мен «Алау» мұз айдыны сарайында ұлттық күрес, жекпе-жек және халық ойындары бойынша жарыстар өткізіледі. Ал «Думан» кешенінде дәстүрлі зияткерлік ойындар өтсе, «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде аккредиттеу және жабдықтау орталықтары орналастырылмақ.

Ойындардың ғылыми бағдарламасының іс-шаралары Ұлттық музейде өткізіледі деп жоспарланып отыр. «Қазанат» ипподромына іргелес

жатқан оңтүстік-батыс жақтағы 10 гектар аумақта «Көшпенділер әлемі» этноауылы орналастырылады. Бұл V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары» мәдени бағдарламасын өткізетін басты алаң болады.

Бұл жерлерден бөлек осы ойынға қатысты іс-шаралар Астананың түрлі алаңдарында, саябақтарда, скверлер мен басқа да қоғамдық кеңістіктерде, театрлар мен концерт залдарында, кинотеатрлар мен мұражайларда, көрме павильондарында өткізіледі.

### КОВБОЙЛАР ДА КӨКПАР ТАРТАДЫ

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының сайтында спорттың 21 түрін жарыс өткізілетіні жазылған. Сондай-ақ олар бойынша 100-ге жуық медаль жиынтығы ойнатылатыны хабарланған. Ол ойындар қатарында асық ату, ордо, арқан тартыс, бөйге, көкпар, аударыспақ, теңге ілу, қазақ күресі, ашыртмалы аба гүреші, кореш (белбеу татар күресі), көкборуу, алыш, мас-рестлинг, powerful nomad (алыптар сайысы), тоғызқұмалақ, мангала, овари, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату, құсбегілік, құраш (өзбек күресі) бар.

Айта кетсек, америкалық ковбойлар да Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында көкпар тартады. Бұған дейін АҚШ-тың көкпардан ұлттық құрамасы 2018 және 2022 жылдары Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысқан.

Бұрынғы Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев кейінгі Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Қазақстан көкпаршылары бас жүлдені жеңіп алғанын, биыл да спортшыларымызға зор сенім артылып отырғанын айтқан еді. Экс-Министр АҚШ-тан келген қонақтармен кездесуде америкалық команданың көкпарда өнер көрсетуі есте қаларлық оқиға болатынын жеткізді.

Жалпы, өз спортшыларын додаға қосқысы келетін мемлекеттер саны күн санап артып келеді. Бұл туралы V дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу жөніндегі дирекция жетекшісі Наиль Нұров мәлімдеген болатын. Көшпенділер бағдарламасындағы 21 спорт түрінің 11-і қазақтың дәстүрлі ойыны болса, қалғаны өзге қатысушы елдердікі. Мысалы қырғыздың ордо, көкбөрі ойындары, африкалық увари деген спорт түрі бар.

– Біздің ұлттық құрамада бәсеке өте жоғары. Қазір спортшылар кезекті жаттығуларын жасап, іріктеуден өтіп

жатыр. Қазақстан құрамасы мықтылардан құралатынына сөз жоқ. Әр спорт түрі бойынша жеке және командалық жүлделер тағайындалады. Мәселен, көкпар мен көкбөруден жеңімпаз команда 10 млн. теңге, екінші орын алған команда 6 млн. теңге, үшінші орын үшін 4 млн. теңгеге ие болады. Жеке спорт түрлерінде алтын медаль иегерлері 500 мың теңгеден алады, екінші орын 300 мың теңге көлемінде марапатталады, қола жүлдегер 200 мың теңге алады, – деді Наиль Нұров.

### ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ МҰРАСЫНА ҚҰРМЕТ

Ұлттық спорт түрлерін қолдау және оларды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жүйелеу мақсатында биыл «Ұлттық спорт түрлерін қолдау қоры» құрылған болатын. Сондай-ақ, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі Дирекциясы «Alageum Electric» компаниялар тобымен екіжақты меморандумға қол қойды. Меморандум негізінде «Alageum Electric» көшпенділер ойындарының ресми бас демеушісі болып танылды.

«Ұлттық спорт түрлерін қолдау қоры» ұлттық спорт түрлерін дамыту, спортшылар мен жаттықтырушыларды қолдау, ұлттық дәстүр мен мәдениетті насихаттау әрі сақтау. Одан бөлек ұлттық спорт түрлерінен өтетін жарыстардың сапалы өтуіне, спортшыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге, жаттықтырушылар мен төрешілердің біліктілігін арттыруға және даму бағдарламаларын іске асыруға ықпал жасап, ұлттық спорт түрлерін зерттеу және дамыту бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқару қордың тікелей қызметі болады.

«Alageum Electric» электротехника компаниясы Қазақстан Республикасы Туризм және спорттың бұрынғы министрі Ермек Маржықпаевтың тікелей мұрындығы болуымен V Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарын қолдауға ниет білдірген. Министрлік хабарламасында бұл маңызды қадам компанияның ұлттық спорт түрлерін қолдау және дамыту жолындағы адалдығын, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілігін, тамырына және халықтың тарихи мұрасына деген құрметін көрсететіні айтылған.

Жылдың ең маңызды оқиғасы саналған ойындарды қолдауға және жобаны халық арасында насихаттау



мақсатында республика көлемінде түрлі іс-шаралар өтуде. Мысалы, Жамбыл облысында «Бірлік керуені» атты аймақтық үлкен жоба басталды.

Ел аумағында өткізілген «Бірлік керуені» барысында облыстық маңызы бар қалаларда ұлттық нақыштармен жасалған этноауыл құрылып, онда қазақтың салт-дәстүрлерінің көрінісі, тарихи жәдігерлер көрмесі, танымал тұлғалардың кітап көрмесі, ұлттық ойындар, көшпелі жабдықтар көрмесі өтті. Ұйымдастырушылар қазақ күресі, аударыспақ, садақ ату, тоғызқұмалақ, асық ату, арқан тарту секілді ұлттық ойындардан жарыстар өткізді. «Бірлік керуені» еліміздің барлық аймағында ұйымдастырылды.

Сондай-ақ Астана қаласында көшпенділер ойындарын насихаттау мақсатында бір топ белсенді қала көшелерін атпен аралады. Көшпенділер ойындарын қолдаушылар елорда бойынша 10 шақырымды атпен жүріп өтті.

### ДҮБІРЛІ ДОДАҒА СЫР СПОРТШЫЛАРЫ ДА ҚАТЫСАДЫ

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық және ұйымдастыру жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізу мақсатында облысымызда

да ұйымдастыру комитеті құрылып, арнайы іс-шаралар жоспары бекітілген.

– Аймақта ұйымдастырылған спорттық шаралардың барлығы Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын танымал ету мақсатын қамтып келеді. Жыл басынан бері түрлі деңгейде ұйымдастырылған 78 мәдени-спорттық шара барысында ойындарды насихаттау жұмыстары кең көлемде жүргізілді, – дейді облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов.

Басқарма мәліметінше, көшпенділер ойындарының бағдарламасына енген спорт түрлерінен облысымыз бойынша 11 спортшы Ұлттық құрама командаға шақырту алған. Қазіргі таңда қоспарға сай оқу-жаттығу жиындары мен ресми жарыстарға қатысуда.

Облысымыздан қазақ күресінен Мақсат Исағабайлов, татар ұлттық күресінен 66 келі салмақта Жұлдыз Жұмахан, +76 келі салмақта Арайлым Оразбай, 52 келі салмақ дәрежесінде Назерке Әбілтайева, тоғызқұмалақтан Бексұлтан Бостандықов, сондай-ақ, көкпардан Нұрлыбек Асқаров, Балғынбек Медетбек, Наурызқожа Әмзеев, Дәулет Ағайдар, жамбы атудан Ғалымжан Әміртай және Ақәділ Пернебай Ұлттық құрама команда қатарында жаттығуда.

## ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНДЫ



**Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаменті «Қызылорда жылу-электр орталығына» баспасөз турың ұйымдастырды. Шара барысында инвестициялық бағдарлама бойынша қайта жаңғырту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды.**

Қалада жылу маусымына дайындық қызу жүріп жатыр. «Қызылорда жылу-электр орталығы» Қызылорда қаласын жарықпен және жылумен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда кәсіпорын балансында 23 қуат көзі бар. Оған 2 бу қазандығы, 2 бу турбинасы бар ЖЭО, 3 газ турбиналы қондырғысы және 3 қалдық жылу қазандығы бар КОГТЭС, 7 бу қазандығы бар Оңтүстік қазандық және 19 дербес блок-модульдік қазандық (АБМК) кіреді.

Алдымен БАҚ өкілдері автономды блокты-модульдік қазандық жұмыс барысымен танысты. Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы Айбек Егембергеновтің айтуынша, қазіргі уақытта аймақта жылу желілерінің 44,7 пайызы тозған. Оны азайту және жылумен жабдықтау сапасын арттыру мақсатында департамент пен ҚЖЭО 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны бекіткен. Аталған бағдарлама аясында негізгі қорлар жаңартылып, жаңғыртылады,

желілердегі апатты жағдай азаяды және көрсетілетін қызмет сапасы жақсарыады.

Екінші бағыт Желтоқсан және Қорқыт ата көшесінің қиылысы болды. Мұнда көшелер қазылып, тозығы жеткен құбырлар алынууда. Ұзындығы 2,973 шаршы метр болатын кварталаралық жылу желісін қайта жаңғыртуға бюджеттен қаржы бөлінген, магистральдық жылу желісін жаңғыртуға да қаражат қарастырылған. Бүгінде мердігерлер жоспарлы жұмыстың 60 пайызын атқарып, мерзімінен бұрын аяқтауға күш салуда.

Мұнан кейін БАҚ өкілдері Оңтүстік қазандықтың жұмысымен танысты. Орталықтың бас инженері Наурыз Сатханов жылу маусымына дайындық барысын баяндады.

– Бізде дайындық көктемнен басталады. Өйткені, өткен жылғы ақаулар қалпына келтіріледі. Оңтүстік қазандықта 7 бу қазандығы бар. Оның «Боно Энерджи» маркалы үшеуін жаңғыртуға 7 млрд. теңгенің жобасы жасалды. Биыл бюджеттен 2,7 млрд. теңгесі бөлінді. Қалғаны алдағы жылдарға жоспарланған. Мердігер мекеме анықталып, қажетті құрал-жабдықтарға тапсырыс берілді. Жұмыс 85 пайызға орындалды, – дейді бас инженер.

Айта кетсек, өткен жылы кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасы аясында негізгі және қосалқы жабдықтарға, 3,031 шақырымдық әртүрлі

диаметрлі кварталаралық жылу желілеріне жөндеу жүргізілген. Сондай-ақ 2,3 шақырым кварталаралық жылу желілері қайта жаңартылып, оған 761,019. млн теңге қаржы бөлінген. Ал магистральдық жылу желілерін қайта жаңғыртуға бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылған.

– Президент Жолдауындағы тапсырмаларды орындау шеңберінде былтырдан бері «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы қолданыста. Оның негізгі міндеті – табиғи монополиялар субъектілеріне қосымша инвестициялар тарту арқылы жөндеу жұмыстарының көлемін ұлғайту есебінен электр, жылу және сумен жабдықтау саласындағы желілердің тозуын кемінде 15-20 пайызға азайту.

Осы бағдарламаны басшылыққа ала отырып, орталық өткен жылға арналған инвестициялық бағдарламаға тозу дәрежесін 3,13 пайызға дейін азайту үшін 8 нысанда кварталаралық және магистральдық жылу желілерін қайта жаңғыртты. Қазіргі уақытта станцияны алдағы жылу маусымына дайындау, кәсіпорынның экономикалық дамуы, техникалық қайта жарақтандыру және қайта құру, оның ішінде инвестициялық бағдарламаны іске асыру бойынша бірқатар міндеттер орындалды, – дейді департамент басшысы.

Ал биылға арналған инвестициялық бағдарламаны іске асыруға 6247,4. млн теңге қарастырылған. Оған негізгі және қосалқы жабдықтарды жөндеу, 4,3 шақырым кварталаралық жылу желілерін жөндеу жұмыстары кіреді. Тағы 6 нысанның кварталаралық және магистральдық жылу желілері қайта жаңғыртылады. Оған 6137,7. млн теңге бөлінді.

Негізгі және қосалқы қондырғылар мен кварталаралық жылу желілерін жөндеу 58 пайыз, кварталаралық және магистральдық жылу желілерін қайта жаңғырту 52 пайыз орындалған.

Мұндай жұмыстар көрсетілетін қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыруға, жылу және электр қуатының тапшылығын жабуға, отын шығынын азайтуға, негізгі және қосалқы жабдықтардың сенімділігін арттыруға, еңбек шығындарын азайтуға, тозған жылу жүйелерін, жылу шығындарын азайтуға және тұтынушылардың жылумен жабдықтау сапасын жақсартуға мүмкіндік бермек.

## ОТБАСЫ - БАҚЫТТЫҢ ТІРЕГІ

Елімізде қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов «Анаға тағзым» орталығында аймақтағы БАҚ өкілдерімен кездесіп, мереке аясында жоспарланып отырған ауқымды іс-шаралар жобасымен таныстырды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Халқымыз қай заманда отбасы дәстүрін берік ұстанып, қадірлей білген. Үлкенге құрмет, кішіге ізет – біздің қанымызға сіңген қасиет. Әрбір азаматтың адамгершілік болмысының қалыптасуына отбасындағы ахуал айрықша әсер етеді. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әл-ауқатын арттырып, әр азаматтың өсіп-еркендеуі үшін барлық жағдайды жасайды» деп атап өткен еді.

Расында, біздің халқымыз үшін отбасы – қасиетті ұғым, қастерлі құндылық. Адам баласына берілетін тәрбиенің ең негізі отбасында қалыптасады. Елімізде 2013 жылдан бастап жыл сайын қыркүйектің екінші жексенбісі «Отбасы күні» болып бекітіліп, аталып келеді. Биыл мемлекет тарапынан мерекені жаңаша сипатта атап өту жоспарланып отыр. Атап айтсақ, Мәдениет және ақпарат министрлігі арнайы тұжырымдама әзірледі. Соның аясында 2-8 қыркүйек аралығында әр күнге тақырыптық бағыттар қойылды, – деді Ш.Байманов.

Айталық, 2-8 қыркүйек аралығында «Отбасылық дәстүрлер: тарихымызды сақтаймыз, болашақты құрамыз», «Отбасын жоспарлау», «Саналы түрде ата-ана болу», «Дені сау ұрпақ», «Мықты отбасы – мықты мемлекеттің кепілі», «Отбасылық әл-ауқат», «Отбасылық демалыс – бақытты болашаққа инвестиция» сынды тақырыптарға сай әр күні қоғамдық сипатта мәдени-танымдық іс-шаралар өтеді.

Мереке аясында «Отбасы – бақыт мекені» атты «Алтын той» иелерінің қатысуымен өтетін мерекелік салтанатты шара, «Бақытты отбасы» мемлекеттік қызметтегі отбасылардың қатысуымен отбасылық квест, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысып жеңімпаз атанған, сондай-ақ басқа да үлгілі отбасылардың мүшелерімен қала және аудандардағы мектептер мен колледждерде кездесулер ұйымдастырылады.

Бұл бастама өз кезегінде отбасы мен некені дәріптеуге, отбасы құндылықтарын насихаттауға, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, балалардың қарт ата-аналарына қамқорлық көрсетуіне, отбасылық дәстүрде жинақталған тәжірибені жастарға ұсынуға бағытталған.

Облыс әкімінің орынбасары баяндамасын қорытындылай келе кейінгі жылдары өңірде салынып жатқан түрлі мәдени, рухани нысандар отбасы құндылығын насихаттау, жас ұрпақтың жайлы болашағын қалыптастыруға игі ықпал ететінін атап өтті.

– Отбасы, шаңырақ ұғымының қадір-қасиетін түсіндіру мақсатында «Отбасы орталығы» және балауса бойжеткен қыз баладан ардақты асыл әжеге дейін бас қосатын талбесік – тәрбие мектебіне айналған «Анаға тағзым орталығы» өз қызметін нәтижелі жүзеге асыруда.

Байрақты бәсекелерде көк туымызды желбіретер болашақ чемпион жастарымыз үшін заманауи 10 мың орындық стадион, үстел теннисі орталығының құрылысы аяқталуға жақындады. Алдағы уақытта көпфункционалды «Қызылорда арена» кешені салынады.

Былытыр облыс көлемінде 9 спорт кешені қолданысқа берілсе, биыл 15 кешеннің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Түрлі әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан балаларды қолдау мақсатында пәрменді шаралар қабылдануда. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін өткен жылы 100, ал осы жылдың бірінші жартыжылдығында 127 пәтер берілді.

Облыс бойынша 130 мың шаршы метр болатын, 2 мыңға жуық пәтерді қамтитын 36 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Осы жұмыстардың барлығы – отбасы әлеуетін арттыруға жасалған мемлекет қолдауы, – деді ол.

Айта кетейік, биыл өңірімізде тіркелген неке саны өткен жылмен салыстырғанда 7 пайызға артқан. Сондай-ақ көші-қон мәселесінде аса көп өзгеріс жоқ, өңірде тұрақтылық қалыптасқан.

Бетті дайындаған: Мұхаммедшах МАРАТУЛЫ



# “ПЕТРОҚАЗАҚСТАН – 2024” СПАРТАКИАДАСЫ СПОРТҚА ШЫҢДАДЫ

Сыр өңірінің дамуына тың серпін беріп, ел экономикасының дамуына өзіндік сүбелі үлесі қосып келе жатқан «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» компаниясының қызметкерлері мұнай-газ саласы қызметкерлерінің кәсіптік мерекесін жоғары деңгейде атап өтті.

Соңғы уақытта мұнайшылар арасында да спортпен айналысушылар саны артып келеді. Бұл ретте компанияның орны бөлек. Өткен айдың басынан бастап күні кешеге дейін толық бір айға созылған «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ ұйымдастырған Қазақстан мұнайшының 125-жылдығы және мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай бөлімшелер арасында мерейтойлық V-шы «ПетроҚазақстан-2024» спартакиадасы өтті. Жақында бір айға созылған спартакиаданың салтанатты жабылу рәсімі өтіп, онда жеңімпаздар марапатталды. Салтанатты сәтте үздіктерді «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ Вице-Президенті Болат Көшербаев марапаттады.

Былтырғы «ПетроҚазақстан» спартакиадасының жабылу салтанатында спартакиада ойындарына «Түзкөл Мұнай Газ Оперейтинг» Жауапкершілі шектеулі серіктестігінің 2 командасын қосу туралы ұсыныс енгізілген болатын. Биыл сол ұсыныс жүзеге асты. Сонымен биылғы спартакиадаға 12 команда белсене қатысты. Атап өтсек, Күмкөл Мұнай және газ өндіру цехы, ҚАМ Мұнай және газ өндіру цехы, Газды пайдаға жарату цехы, Кеніштегі өндіру технологиясы бөлімі, Технологиялық бөлім, Материалдық ресурстар басқармасы, Қаржы департаменті, Өндірістік қызметтер, Геология, өндіру және игеру, Қауіпсіздік. Құрылыс. Әкімшілік, Түзкөл Мұнай Газ Оперейтинг кен орны, Түзкөл Мұнай Газ Оперейтинг кенесі командалары спорттың тоғыз түрінен бақ сынасты. Атап айтқанда шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннис, армрестлинг, асық ату, арқан тарту, жүзу, волейбол және шағын футбол түрлерінен өткен сайыстар аса қызықты болды.

Жиналғандар алдында құттықтау сөз сөйлеген «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ-ның вице президенті Болат Көшербаев корпоративтік спорт петроқазакстандықтардың өміріне тұтастай сіңіп кеткенін атап өтіп, «Корпоративтік спартакиаданы өткізу дәстүрге айналды. Бас жүлде жеңімпаз кубогын жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте бірінші орын алған командалық құттықтаймын. Қалған қатысушыларға жасымаңдар демекші, Келер жылы тағы да бақ сынап, жеңіске жетулеріне тілектеспін, өйткені ең бастысы – жеңіс емес, қатысу», – деп, барлық қатысушыларға тілек білдірді.

Сондай-ақ Болат Елеуұлы спартакиаданы ұйымдастырушыларға да алғысын білдіріп, жарыс жеңімпаздарын құттықтады, оларға алдағы уақытта спортта да, еңбек жолында да толағай табыстар тіледі. Сонымен бірге жүргізушілер айтып кеткендей, негізінде мұнай өнеркәсібі арқашан ерлер кәсібі болып саналды, бірақ бүгінгі күні мұнай саласында нәзік жанды арулардың да айтарлықтай үлесі бар. Спартакиадаға қатысқан әрбір нәзік жанды аруларға естелік сыйлық ретінде «Бдыстар үйінің» 5000 тенге номиналды сертификаты табысталды. Сертификатқа не болған спартакиадаға қатысушы 40-тан астам қыз-келіншектер компанияға өз ризашылықтарын білдірді.

## ШАХМАТ ШАБАНДОЗДАРЫ

Он екі команда осы спорт түрінен біріншілікке таласты. Әрбір командада екі қатысушыдан өнер көрсетіп, шахмат жарысы кәсіби төреші Секина Қырмызының төрелік етуімен өткізілді.

Турнир командалық-шеңберлік жүйе бойынша 5 турда өтті. Уақытты бақылау партияның әр қатысушысына 15 минуттан белгіленді.

Бірінші турдан бастап, қорытынды турға дейін командалар арасында ымыраны білмейтін нағыз табанды шайқас жүріп жатты. Бірде-бір команданың құрамында разрядтары бар шахматшылар болмағанын айта кеткен жөн. Дегенмен, мұнайшылар шахмат ойынын бұзбай бақ сынасты. Оның үстіне шахмат қызықты, әрі тартысты ойын болғандықтан, барлық партиялар әдеттегідей соңғы минутқа дейін ойналды. Ойын қорытындысында шахмат ойындары бойынша ерлер арасында: III орынға Материалдық ресурстар басқармасының қойма менгерушісі КҮЛІМҒАЛИЕВ ҚАНАТ БАҚЫТҰЛЫ, «КЕНІШТЕГІ ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БӨЛІМІ» командасының қатысушысы ӨТЕГЕНОВ ӘДІЛЕТ АЙТМҰХАНБЕТҰЛЫ, II орынға «ҚАМ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасының қатысушысы ҚОБЛАНДИЕВ БАҚЫТҒАЛИ



ЕРҒАЛИУЛЫ, I орынға «МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАР БАСҚАРМАСЫ» командасының қатысушысы ӘБИ-БУЛЛАЕВ НҮРЛАН ҚУАНШЫБАЙҰЛЫ ие болып, олар дипломмен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Шахмат ойындары бойынша әйелдер арасында: III орынға «МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАР БАСҚАРМАСЫ» командасының қатысушысы ИБРАЕВА АЙНУРҰЛЫ РИЗАБЕКҚЫЗЫ, II орынға «ГЕОЛОГИЯ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ ИГЕРУ» командасының қатысушысы ӘБЕНОВА ТҮМАРҚҰЛ АҚМАҒАНБЕКҚЫЗЫ, I орынға «ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ» командасының қатысушысы ЖАР-МҰХАМБЕТОВА ГҮЛМИРА БОЛАТ-ҚЫЗЫ ие болып, олар да дипломмен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

## ҚОЛ КҮРЕСУ- КӨЗ ТІРЕСУ

Армрестлинг – бұл спорттық жеке жарыстардың түрі, бұл жарыстағы матчтың өткізілуі кезінде бірыңғай аттас қолдары қатты, теріс беткейге қойылып, алақандар құлып болып ұстасалады. Жарысқа қатысушылардың міндеті – қарсыласын қолын беткейге басып қыспаққа алу. Армрестлинг спорттың олимпиадалық түрі болып табылмайды, алайда қол күресі кең танымалдыққа ие.

Турнир өткізілгенге дейін осы жарысты спартакиадаға енгізудің қажеті бар ма, жоқ па, күш сынасатындар табыла ма, табылмай ма, әрбір салмақ дәрежесі бойынша қатысушылардан қажетті адам саны жинала ма, жиналмай ма деген көп күмән де болды.

Жарыс регламенті бойынша команданы құрамы екі салмақ дәрежесі бойынша (80 келіге дейінгі және 80 келіден жоғары) жасакталды. Жарыс қоссайыс жүйесі бойынша өтті – сол жақ қолмен де, оң жақ қолмен де сайысу. Армрестлинг бойынша ұйымдастырылған жарыстарға 20 атпал азамат қатысып, әркім өз салмақ дәрежесінде жеңіске жету үшін күш сынасты.

ҚОЛ КҮРЕСТЕН 80 келіден астам салмақ бойынша ерлер арасында: III орынға «ТҮЗКӨЛ МҮНАЙ ГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ КЕН ОРЫН» командасының қатысушысы АЙТМАҒАМБЕТОВ ЖАКСЫ-БЕК ЖАЛҒАСҰЛЫ, II орынға «ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМ» командасының қатысушысы ЖАПАСАБАЕВ ҚУАН-ДЫҚ САҒЫНДЫҚҰЛЫ, I орынға «МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАР БАС-ҚАРМАСЫ» командасының қатысушысы ҚОШТАЕВ РУСЛАН ӘДІЛБЕКҰЛЫ ие болып, оларға да диплом мен естелік сыйлықтар табысталды.

ҚОЛ КҮРЕСТЕН 80 келіге дейінгі салмақ бойынша ерлер арасында: III орынға «КЕНІШТЕГІ ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БӨЛІМІ» командасының қатысушысы ӘУЕЛБЕК АРМАН ЖЕҢІСБЕКҰЛЫ, II орынға «ҚҰМКӨЛ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасының қатысушысы ТАТАРЕНКО ДЕНИС АЛЕКСАНДРОВИЧ, I орынға «ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМ» командасының қатысушысы САРМАНҚҰЛОВ БАУЫР-ЖАН БАҚЫТЖАНҰЛЫ.

ҚОЛ КҮРЕСТЕН 65 келіден астам салмақ бойынша әйелдер арасында: III орынға «ҚАМ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасының қатысушысы КОСАНОВА АЙКҮМІС МӘДІБЕКҚЫЗЫ, II орынға не болған «ТҮЗКӨЛМҮНАЙГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ КЕҢСЕ» командасының қатысушысы ҚАПАНОВА АНАР БОЛАТБЕКҚЫЗЫ, I орынға «МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАР БАСҚАРМАСЫ» командасының қатысушысы КАШЕЧКИНА МАРИЯ НИКОЛАЕВНА.

ҚОЛ КҮРЕСТЕН 65 келіге дейінгі салмақ бойынша әйелдер арасында: III орынға «ГЕОЛОГИЯ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ ИГЕРУ» командасының қатысушысы САНКИБАЕВА ЛӘЗЗАТ САЙЛАУ-ҚЫЗЫ, II орынға «ҚҰМКӨЛ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасының қатысушысы ЖАЛИМБЕТОВА АЙГҮЛ АЛДАНҚЫЗЫ, I орынға «ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ» командасының қатысушысы САПАРБЕКОВА ЖАНАР САПАРБЕКҚЫЗЫ ие болып, дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ- ТҮНҒАН ТЕҢДЕУ

Тоғызқұмалақ – бұл ертеден келе жатқан ұлттық ойын, алғаш рет төрт мың жылдан астам уақыт бұрын пайда болған деген дерек бар. Әрі уақыт өткен сайын спорт ойындары арасында кеңінен танымал бола түсуде. Тоғызқұмалақты Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов сынды ұлт зиялылары ойнаған.

Әр ойналатын партиядағы мақсат – қарсыластың шарларын өз қазанына мейлінше көптеп жинап алу. Ойын адамды қисындық жүйемен ойлауға және өз математикалық қабілеттерін дамытып-өрістетуге ықпал етеді. Жарыстарға төреші Ақторғын Қошқарова қазылық етті.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ойындары бойынша ерлер арасында: III орынға ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ командасының қатысушысы Сап кенесшісі ЖӘКЕБАЕВ ҒАБИТ ҰЗАҚҰЛЫ, II орынға «КЕНІШТЕГІ ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БӨЛІМІ» командасының қатысушысы Кеніштегі өндіру технологиясы бөлімінің геологы МАКАШЕВ АЙДОС БЕЙБІТҰЛЫ, I орынға «ГЕОЛОГИЯ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ ИГЕРУ» командасының қатысушысы Барлау және игеру департаменті топ жетекшісі ТӨЛЕГЕНОВ АБДЫҚАДЫР ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ойындары бойынша әйелдер арасында: III орынға «ҚАМ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасының қатысушысы ДОСМАИЛОВА ШОЛПАН ҚУАНШЫБЕКҚЫЗЫ, II орынға «ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ» командасының қатысушысы ҚҰТЫБАЕВА АҚМАРҚЫЗЫ ЖӘКЕБАЕКҚЫЗЫ, I орынға «ГЕОЛОГИЯ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ ИГЕРУ» командасының қатысушысы ИБРАХИМОВА ЖАНАТ АМАНДЫҚҚЫЗЫ ие болып, дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

## ТЕННИСШІЛЕР ТЕКЕТИРЕСІ

Мұнайшылар теннис спортынан да құралақан емес екенін көрсетті. Шағын ракетка шеберлері арасында өткен жарыстар шын мәнінде көпшілік тамашалаған шпеленісті ойын болды.

ҮСТЕЛ ТЕННИС ойындары бойынша ерлер арасында: III орынға «ТҮЗКӨЛ МҮНАЙГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ КЕН ОРЫН» командасының қатысушысы ЛЮ ЦЗЯНЬБО, II орынға «МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАР БАСҚАРМАСЫ» командасының қатысушысы КИМ АЛЕКСАНДР ЮРЬЕВИЧ, I орынға «ҚАМ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасының қатысушысы РЫСҚҰЛОВ НҮРЛАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫ.

ҮСТЕЛ ТЕННИС ойындары бойынша әйелдер арасында: III орынға «ҚҰМКӨЛ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасының қатысушысы ЕСЖАНОВА САЛТАНАТ ЖӨРДЕМҚЫЗЫ, II орынға «ӨНДІРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР БӨЛІМІШЕСІ» командасының қатысушысы ШЕМБЕКОВА ҒАЛИЯ РҮСТЕМБЕКҚЫЗЫ, I орынға «ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМ» командасының қатысушысы СЫЗДЫКОВА СӨРСЕНКҮЛ ӘБЛІҚЫЗЫ ие болып, дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

## СУ СПОРТЫ

### ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Суда жүзушілер сайысы екі кезеңде өтті, яғни әйелдер мен ерлердің келекелі жүзулері. Жеке кей есепте ерлердің алдында 50 метр қашықтықты еркін стильде өнеру міндеті тұрды. Үздік нәтиже көрсеткендер аз болмады.

ЖҮЗУДЕН ерлер арасында: III орынға «ҚҰМКӨЛ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасының қатысушысы ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ ЖЕТЕС ЖАНБОЛСЫНҰЛЫ, II орынға «МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАР БАС-ҚАРМАСЫ» командасының қатысушысы ТӨЖІБАЕВ НҮРБОЛ БЕГІМҰЛЫ, I орынға «ҚАМ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасының қатысушысы ӨТЕБАЕВ СӨКЕН ҚАЛМУРАТУЛЫ.

ЖҮЗУДЕН әйелдер арасында: III орынға «ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ»

командасының қатысушысы ЧЕРНИКОВА ОКСАНА ВАЛЕНТИНОВНА, II орынға «ГЕОЛОГИЯ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ ИГЕРУ» командасының қатысушысы АЛЫМОВА ЛЮДМИЛА ЮРЬЕВНА, I орынға «ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРЫЛЫС ӘКІМШІЛІК» командасының қатысушысы ПЮНДИОЗ АНАСТАСИЯ ОЛЕГОВНА ие болып, дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

## АСЫҚ АТҚАН - ОЗАР

Спартакиада жарысында дәстүрге айналған ұлттық ойындарға аса мән берілді. Ұйымдастырушылардың ұтқан тұстарының бірі де осы болды. Қатысушылардың да ұлттық ойындарға деген қызығушылығы басым түсті.

Көздеп, дәлдеп асық ату кез-келгеннің қолынан келе бермейді. Шапшаңдықпен қатар мергендікті, ептілікті қажет ететін бұл ойынды ойнаудың қалыптасқан өз ережесі бар. Сонымен бұл ойын командалық түрде өтті.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ АСЫҚ АТУ МЕН БЕС АСЫҚ ойындары бойынша III орынға «ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРЫЛЫС ӘКІМ-ШІЛІК» командасы ие болды.

Команда құрамында: Ниязов Ғани Хұсайынұлы, Шалабаев Ербол

Оспанов Рахманберді, Нұрпейіс Елдос, Құлмаханов Фарид, Қурманбаев Галимжан, Нурмағанбетов Қайрат, Мұхамедов Болат секілді мықты ойыншылары бар «ГАЗДЫ ПАЙДАҒА ЖАРАТУ ЦЕХЫ» командасы ие болды.

II орынға команда құрамында: Жолдыбаев Есжан, Алтаев Мейрамхан, Шукеев Әділет, Жұбанияз Раушан, Сарманқұлов Бауыржан, Тұрабаев Тұрмағ, Асқар Сейменов, Суюмбаев Еркін секілді мықты ойыншылары бар «КЕНІШТЕГІ ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМ» командасы ие болды.

I орынға команда құрамында: Құлманов Султанай, Ескараев Алмас, Ердуллаев Ермурат, Жаксыбаев Айбек, Қайшыбай Тимур, Қалдыбаева Жанар, Исманов Бахытжан секілді мықты ойыншылары бар «КЕНІШТЕГІ ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БӨЛІМІ» командасы ие болды.

## ФУТБОЛ –

### СПАРТАКИАДА СӘНІ

Спортқа жақын әрбір жанның таласы бар футбол ойыны «ПетроҚазақстан» спартакиадасының мәртебесін көтерді десе де болар. Бұл ойын түрі қатысушылардан бөлек жанкүйерлер тарапынан да кең қолдау тапты.



Мұхаметәліұлы, Жалимбетова Айгүл Алданқызы шебер ойын көрсетті.

II орынға «ТҮЗКӨЛМҮНАЙГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ КЕН ОРЫН» командасы ие болды. Команда құрамында Байқобеков Жарас, Алпысбаев Абзал, Толыбекова Айжанда шебер ойын көрсетті.

I орынға «ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ» командасы ие болды.

Команда құрамында Жунусов Абзал, Хафизов Рамиль, Құтыбаева Акмарал шебер ойын көрсетті.

Команда жеңімпаздары дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

## АРҚАН ТАТЫС – КҮШ ТАРТЫСЫ

Қайсыбір бұқаралық іс-шарада өтетін спорт сайыстарының қызықтыларының бірі – арқан тартыс. Тартыс кезінде командаларға бөлінетін қатысушылар өз күштерін, табандылықтарын мен шымдамдылықтарын байқатады. Күші мығымнан бөлек айласы асқанның да жеңіс тұғырына көтерілетіні бар.

Арқан тартыс ойыны бойынша III орынға команда құрамында: Харченко Андрей, Хисамов Руслан, Құдайбергенов Алимжан, Толыбаев Асылбек, Садуақасов Акансери, Нуржанов Руслан секілді мықты ойыншылары бар «ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ» командасы ие болды.

II орынға команда құрамында: Реджапов Фархат, Жалимбетов Рустем, Абдусадиков Талғат, Жылысбаев Алмас, Шукуров Руслан, Сисенов Нурбол секілді мықты ойыншылары бар «ҚАМ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасы ие болды.

I орынға команда құрамында: Жолдыбаев Асхан, Кабулов Джахангир, Сулейменов Нургазы, Салымов Ерболат, Ыбрай Галымжан, Бекназаров Галымжан секілді мықты ойыншылары бар «ҚҰМКӨЛ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ» командасы ие болды.

## ВОЛЕЙБОЛ – ҚОЛ ОЙЫНЫ

Спорт ойындары арасында кенінен тараған волейбол – «ПетроҚазақстандықтардың» сүйікті спорт сайыстарының бірі. Волейбол ойынының да өзіндік ерекшеліктері бар. Екінің бірі қарсыласының соққысын кері қайтара алмайтындықтан да кез-келген адам волейбол ойнай алмайды. Аяқ күшімен қатар қол күшінде қажет ететін бұл ойын негізі есепке құрылған. Әрі командалық бір толқында ойнауды қажет етеді.

Волейбол ойындары бойынша: III орынға команда құрамында:

III орынға МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАР БАСҚАРМАСЫ командасы, II орынға ТҮЗКӨЛМҮНАЙГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ КЕНСЕ командасы, I орынға ГЕОЛОГИЯ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ ИГЕРУ командасы ие болып, дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

## ЖЕҢІМПАЗДАРДЫҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

Спартакиада ойындарына белсене қатысып өз күштіліктерін байқата білген барлық қатысушы жұлдесіз қалған жоқ. Жұлденің басы 5000 теңгеден басталып, 160 мың теңгеге жетті.

ЖАЛПЫ КОМАНДЫЛЫҚ ЖЕҢІМПАЗДЫ анықтау мақсатында барлық командалардың жинаған ұпай сандарын санағанда 121 ұпай жинаған ҚҰМКӨЛ МҮНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ III орынды иеленіп, команда құрамасы III дәрежелі дипломмен және команда ойыншылары медальдармен марапатталды.

Одан кейін 131 ұпай жинаған МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАР БАСҚАРМАСЫ II орын иеленіп, команда құрамасы II дәрежелі дипломмен және команда ойыншылары медальдармен марапатталды.

138 ұпай жинаған ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ командасы I орын иеленді. Атап кету керек, ұйымшылықтың, достықтың және командалық рухтың арқасында «ПетроҚазақстан» спартакиадасының үш дүркін жеңімпазы болып ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ командасы атанды.

Команда құрамасы I дәрежелі дипломмен, Көшпелі Кубокпен және команда ойыншылары медальдармен марапатталды.

Экономикамыздың құртамалы саналатын мұнай саласындағы ірі, үлкен компания «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» қай кезде де компания қызметкерлерінің, жұмысшыларының мұнай өндірудегі ерен еңбектерінен бөлек олардың әл-ауахатын арттыруға, табысын молайтуға сонымен қатар саламыз өмір салтын ұстануға да қызмет етіп келеді. Осы жолғы Спартакиада компания мұнайшылары үшін бір-біріне етене жақындай түсуге, ұжымда командалық рухты нығайтуға тамаша мүмкіндік болды. Барлық бөлімшелер сайыстарда абыроймен ойнады, жеңіске деген табандылығы мен ерік-жігерін көрсетті.



## Кітапхана

Бірақ, айтты не, айтпады не, бәрібір нысанаға тиіп жатқан сөз жоқ. «Қайран сөзім қор болды-ау, тобықтының езіне» дегеннің кері. Алдында қолынан түк келмейтін құр сүлде отыр. Өзінің найман екенін сыбырлап зорға айтатын адамнан не үміт, не қайыр? Ойпыр-ау, өз елің, өз жеріңде отырып, өз сөзіңді өткізе алмау, өзіңнің кім екеніңді ашық айта алмау деген не сұмдық?! Тәуелсіздік алғаннан бері, шүкір, ел еңсесі көтерілді емес пе? Адайлар «аспанда - құдай, астында - мұнай, ортасында - адай» десе жарасып тұрады. Ал Қонаевтың тұсында ыстылар: «ыстымыз, құдайдан да күштіміз» дегенде де, ешкім бетінен қаққан жоқ. Былтыр бір ақын мұшайрада: «Атыңнан айналайын шапырашты, бұл күнде бар қазақтан

керуені тоқтаусыз көшіп өтіп жатыр. Ал табиғат - өз орнында. Құдай біледі, осы Ертістен Ақсопы-Ағанас батыр да, Өкіреш-Белгібай да әрі-бері талай өткен шығар-ау. Бірақ олар бір кезде осы мүйіске қала салынады, оның билігі ұзақ жыл жат қолында болады деп ойлады деймісің?!

Барақта шабытты шағында тұр екен, жазушы лебізін бірден іліп әкетті: - Ұрпақтары бір кезде мына байтақ даладан бабаларына қоятын ескерткішке орын таппай, сандалады деп те ойламаған шығар.

Бұл сөзге екеуі қосыла күлді. Бұл, осылайша, тас қалаға сөздерін өткізе алмай, қара Ертіске мұң шағып, сол күні қонақүйге түнеді де, ертеңінде өздері мініп келген Барақтың машинасымен Семейге тартып кетті.

Айжарық та турасына көшіп. -Семей мен Шығыс Қазақстан тұрғындарының тоқсан пайызы - наймандар. Солар өз ата-бабасына арнап ескерткіш қойса артық бола ма?

Бұл мәселенен абырой таппасын сөзді ме, әкім енді басқа тақырыпқа көшті.

- Жер керек дедіңіз ба? Қазір еліміздегі ең қат нәрсе - осы жер боп тұр ғой, - деді жаңа ғана жайнап отырған әкім қабағын қарыс жауып. - Қалада бос жер жоқ, жердің бәрі сатылып кетті. Ертіс аңғарындағы аралдардан бірдеңе шықпаса...

- Арал дейсіз бе? Ана жылы осы облыстың бір ержүрек әкімі В.И. Ленин бастатқан большевиктердің ескерткіштерін қаладан бір-ақ күнде көшіріп, аралға апарып, қаз-қатар

қарсы мақала жариялап, сол үшін президенттің қабылдауына жазылып, жанталасып жүрсе, осы қаланың жиырма-отыз ардагері «Семейді қысқартқаныңыз - қандай табылған ақыл» деп президентке хат жазып, қолдау білдіріпті. Сөйтіп, «еңбекші халықтың тілегі бойынша», Семейді қысқартты да тастады. Бұл - Қазақстанда сыннан өткен тәсіл. Ғылым академиясын жабар кезде де «Академияның заманы өтті. Бізді тез арада таратып жіберсеңіз екен» дегізіп, қырық шақты академикке хат жаздырған. Саясатшылар мұны «халықтың өз қолымен от көсеу» деп атайды. Биліктің қас-қабағын баққан осындай құл мінез ғалымдар мен «ардагер» атанған бұрынғы балшабектерден не үміт, не қайыр?!

Бұлар осындай әртүрлі өңгіменен жол қысқартып, айналасы үш-төрт сағатта Аягөзге де жетіп қалып еді. Алдымен қонақүйдің біріне аялдап, аудандық әкімшілікке сонан соң соқпақ. Сол оймен қаланы қақ жарып келе жатқанда бұлар маңайына үй салынбаған бір биікше төбенің қасынан өтті. Есіл-дәрт ескерткіш боп келе жатқан Барақ жаңағы төбені көргенде, елең ете қалды.

- Шіркін, бізге осы төбенің басы бұйырса да жаман болмас еді-ау! - деді қиялға беріліп. -Өзі бір көрнекті, жақсы жер екен.

- Мен білсем, осы төбенің өз аты бар. Есіме түспей тұрғанын қарашы, - деді Айжарық. Соны айтып, машинаны тоқтатты да, өтіп бара жатқан бір жігіттен - бауырым, мына төбені не деп атайды? - деп сұрады.



ақылы асты» деп елең ұяқастырды. Сол елеңі бірінші бөйге алды... Ал, Ертіс бойына келсең, өзіңнің найман екенін сыбырлап зорға айтатын кілең байқұстар. Не болған бұл елге? Ылғи да біреулерден қорқып, әлдекімнен үркіп отырғаны...

- Жарайды, облыс орталығынан орын табылмады делік. Шығыста басқа қалалар да бар ғой. Семей, Аягөз деген секілді... Ескерткіш қоюға қай қаланы лайық көресіз? - деген қоштасарда үндемей кетуге ыңғайсызданы.

Орынбасар бұған да жарытып жауап айта алмады. Әр қаланың өз мәслихаты, өз әкімдері бар. Біз олардың ішкі ісіне араласпаймыз деген секілді жаттанды бірдеңе айтты.

Екеуі сөмкелерін сүйретіп көшеге шықты. Иесі жоқ, киесі жоқ, иен қалған дүние деген осы. Сонау кеңес дәуірінен бері осы өлкеден өз елің басқаратын бір азамат тұмапты-ау! Тумады емес, туған. Бірақ оларды билік басына жолатпаған. Облыс тұрыпты ғой, ауданның өзінде солай болды. Мұндағы аудандардың көбі шекара бойына жайласқан ғой. Совет заманында шекарада туған кісі өз ауданын басқармайды деген жасырын нұсқау болды. Өйткені ондай адамның арғы бетте танысы, не туысы болуы мүмкін ғой... Бұл да осы елді өсірмеудің, халықты тізгіндеп, желкелеп ұстаудың бір амалы еді. Тәуелсіздіктен кейін де найман атының бейгеден келіп тұрғаны шамалы. Межеден асырмайтын бір шек бар, әйтеуір. «О, не деген омыр ең, жаман найман, жалпақ бас» деп Жамбыл көкеміз айтқандай, мұндағы азаматтардың қолы орынбасарлыққа зорға жетіп жүр. Онда да бойында қаны бар, іскерін, батылын емес, жаңағы сияқты аяғын аңдып басқан сорлысын, қорқағын таңдайды.

Облыстық мәдениет басқармасы бұларға бір атқосшы жігіт пен қала ішінде жүріп-тұратын көлік берген. Сол көлікпен Өскеменді біраз аралады. Айжарықтың осы қалаға келген сайын міндетті түрде ат басын бұратын бір жері бар. Ол каланың тап ортасында, Ертіс пен Ұлбаның қосылатын тұсы. Бірі шығыстан, бірі терістіктен, екі өзен жарыса ағып келеді де, осы тұсқа келгенде умар-жұмар айқасады. Ұлбаның суы Ертістен үш еседей кем болар. Адуын да, асау Ертіс бұраңдаған нәзік Ұлбаны бірден бауырына басып, бүктеп ала жөнеледі. Екеуі қосылған соң, өзен арнасы ұлғайып, ағыстары қарқын алып, үдей түсетін секілді. Біздің жолаушылар биік көпір үстінде осы көріністі тамашалап тұрған-ды.

- Қарашы, - деді Айжарық қасындағы Барақты, - Ертіс - жігіт, Ұлба - бойжеткен қыз сияқты емес пе? Екеуі сағынысқан ғашықтардай қалай ұмар-жұмар құшақтаса кетті?! Ертіс - жол-жөнекей әлі талай «аруларды» құшады. Сөйтіп, ақыр-соңы шалқыған теңізге айналады.

- Суретші ретінде біз де сұлулыққа табынамыз. Бірақ оны айтуға біздің тіліміз жетпейді, қиялымыз сіздердікіндей қанатты емес, - деді Барақ мойындап.

- Соңақ соң, тағы бір нәрсе ойыма келіп тұр, - деді Айжарық. - Адамзат

Алайда бұлардың ісі Семейде де өрге баса қоймады. Қазір бұл қала облыс орталығы болудан қалған. Шығыстағы қазақ пен орыстың санын теңейміз деген сылтаумен ежелгі қала Семейді Өскеменге бағындырды. Семей сонау патша заманының өзінде губерния орталығы болған, Губернатор отырған қала ғой. Семей - Абай туған, Шәкәрім, Мұхтар өскен, Ақтамберді, Ақтайлақ, Дулат, Әріп, Өсеттер жыр нәсерін төккен облыс. Өткен ғасыр басында Алаш қайраткерлері осы қалада ту тікті. Семей - қазақтың рухани астанасы. Кейбіреулер «рухани астана» деп Түркістанды айтып жүр. Бұл - терминді шатастырғандық. Түркістан - рухани астана емес, Имандылық орталығы.

Семей - Кеңес дәуірінде қырық жыл бойы полигонның зардабын тартқан облыс. Тәуелсіздіктен кейін оған ерекше жеңілдік, ерекше статус (мәртебе) берілуі керек еді. Ал, іс жүзінде ерекше мәртебе былай тұрсын, қатардағы облыс дәрежесінен айырылып қалды. Бұрын Семей облысында он төрт аудан бар еді, оларды бір-біріне қосып, тұрғындарын тоздырып жіберді. Сорлап қалған сол баяғы Өкіреш шалдың ұрпақтары. Әйтеуір қай заманда да осы елдің бағы жанбай-ақ қойды. Өкіреш әулетінің бір миллиондайы -Қытайда. Олардың да шекесі шылқып жүргені шамалы.

Семейде қалалық әкімшілік бар екен. Қонақүйде демалып, ертеңінде әкімнің қабылдауында болды. Мұнда да гүлденіп, шешек атып тұрған бюрократия. Не тындыратынын кім білсін, қалалық әкімнің үш бірдей орынбасары бар екен. Орынбасардан тойып келе жатқан бұлар екі күн күтіп, әкімнің өзіне кірді. Татар өңдестеу келген, еңгезердей, қасқабас сары құрақ ұшып қарсы алды. Айжарықты сырттай біледі екен. Тілі майда, діні қатты біреу болмаса неғылсын, көрер көзге жорғалап-ақ тұр. Бұл да тау қопарып тастағандай, қаңғыған, шаршаған адамның кейпінде. Семейде мүшелтой көп, содан әбден ығыр болыпты. Абайдың, Мұхтардың тойлары өз алдына, келер жылы Шәкәрімнің 150 жылдығы келе жатыр. Соның дайындығымен танауларына су жетпей жатса керек. Ол да қу екен, кілең классиктерді айтып, айбындырып алғысы келеді. Абай мен Мұхтар шыққан қала басқа жазушыларды көзге ілмеуге, менсінбеуге болатын сияқты

"Мен өзім де - жігітімін Семейдің Семейде де сұмпайы жоқдемеймін. Семейде де талай құлар бар шығар, Сұлу сөзбен сылдыратқан көмейін» деп марқұм Төлеужан Сымайылов айтқандай, сылдыраған сұлу сөз көбейіп бара жатқан соң, Айжарық бірден келген шаруасына көшті. Найман-Ана, Өкіреш баба туралы қысқаша түсінік беріп, соларға қойылатын ескерткішке қаладан орын сұрады. Тек, орын берсе жетеді, қаражат сұрап мазаламайтынын да ескертіп өтті.

«Найман-Ана» дейсіз бе? Сонда, бұл бір руға ғана арналған ба? - деді әкім бірден қырағылық танытып. Иә, ХІҮ ғасырдағы найманның ата-бабасына арналған, - деді

тізіп қойыпты деуші еді. Бізге ондай «жер аударылғандар» мекені емес, бірден көзге шалынатын көрнекті орын керек, - деді Айжарық әкімнің сөз саптауын ұнатпай.

- Жарайды, есте болсын. Көрерің, ақылдасайық, қалалық маслихат не дер екен?... Тиісті құжаттар мен арыздарыңызды менің мәдениет жөніндегі орынбасарыма қалдырып кетіңіз, - деді әкім мәселені сөз бұйдаға салатын сыңай танытып.

Түсінікті. Бар шаруаны орынбасарға сілтей салып, өз басы сүттен ақ, судан таза болып отырмақ қой. Қазіргі бастықтарға орынбасар - көмекші емес, оққағар үшін керек.

- Айтпақшы, осы сіз қай рудан едіңіз? - деді Айжарық бір сөздің кезегінде. Бұл сұрауға әкім селк ете қалды.

- Мен ру-сұрау дегенді білмеймін. Детдомда өскен жетіммін, - деді әлденеден ескен алғандай.

- Оныңыз жақсы екен: ешкімге бүйрегіңіз жұрмайды, біреулерге жақсылық жасағымын деп әуре болмайсыз. Нағыз интернационал екенсіз - деді Айжарық оны ашық қайып келе жатыр еді, найман болмағаныңыз мұндай жақсы болар ма?!

- Неге олай дейсіз? - деді әкім әлденеден қуыстанғандай қипақтап.

- Наймандар - құлдықтан құтылмаған, құлдық санадан арылмаған ел ғой. Әлі өздерін танып болған жоқ. Ата-бабаны ардақтау, аруаққа құрмет ету - ояларына кіріп те шықпайды. Әйтпесе, қалың Найманның ортасында отырып, бабаларына ескерткіш қоятын жер таппау деген сұмдық емес пе?! - деді Айжарық әлдебір ішкі қыжылмен. - Не істейміз? Осынау болымсыз шаруаға бола мен енді президентке баруым керек пе?

Өзге сөзді елең құрлы көрмесе де, президент аты шыққанда әкімнің арты қылп ете қалды. Айжарық шындаса президентке де бара алатынын ескерді-ау деймін, дауысы бірден жұмсарып:

- Енді оған бола алаңдамаңыз, Айеке, Біз бұл мәселені оңтайлы шешуге тырысамыз... Алдымен мәслихаттың қаулысын шығартып алайық. Ескерткіштің нақты орнын сонан кейін анықтармыз, - деп жорғақ қақты.

- Орын болғанда, шет-бұшбақ емес, көрнекті жер болсын. Бұл жай ескерткіш емес, үш бірдей тұлға сомдалған монумент қой. Облыс халқының атасы мен анасы, түп тамыры десең де болады. Кер де тұр, бұл ескерткіш қалаңызға керемет көрік береді. Туристерді маңына магниттей тартатын бір орын осы болады әлі - деді Айжарық та сабасына түсіп.

Бұл ар сол күні Семейге аялдап, ертеңінде таңғы салқынмен жолға шықты. Айжарық басында осы қаладағы ардагер ақсақалдарды жинап, болашақ ескерткіштің жайын баяндап, алдын ала қоғамдық пікір туғызсам ба деп ойлаған. Бірақ ол райынан тез қайтты. Турасын айтқанда, сол ардагерлеріңізге сенбеді. Ана жылы осы қаланың қара таяқтарынан көңілінің қатты қалғаны бар. Бұл әлгі Семейді Өскеменге қосатын жыл еді ғой. Айжарық Семей облысын қысқартуға

Ендігі беталыс - Аягөз. Ескерткішке Семейден орын аламыз ба деген үміт болғанымен, жол-жөнекей Аягөзді де көре кетпек. Мынадай құбылмалы заманда не деп болады. Семейге де біржола сеніп қалмай, қосалқы орын әзірлеп қойған теріс емес.

Семей мен Аягөз арасы - 300 шақырымдай. Барақтың «мерседесі» теміржол жағалаған асфальтпен баяу сырғып келеді. Бұлар кеше қонақта отырып, тағы бір жайды анықтаған. Семейдің әкімі ешқандай да балалар үйінен шыққан жетім емес, кәдімгідей әке-шешесі бар найман екен. Онысын өзі сұмдық жасыратын көрінеді. Қайтысын байғұс, қызметімнен айырылып қалам ба деп қорқады ғой. Жолда Барақ екеуі соны еске алып, тағы біраз күлісіп алды.

- Айеке, мен бір нәрсеге қайран қалам, - деді Барақ бір сөздің кезегінде. - Міне бірнеше күн өтті ғой - сіз екеуіміздің шенеуіктермен істес болып жүргенімізге. Осылар инкубатордан шыққандай неге біркелкі? Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, айтатын сөздері де ұқсас. Судағы балықтай сусылдап, құйрықтарын бір ұстатпайды-ау. Айтқызышы, неге олай?

- Олардың бәрі - бір ғана партияның мүшелері ғой, бәлкім, содан шығар, - деді Айжарық езу тартып. - Қазіргі әкімшілік жүйе құлдықтың жаңа бір түрін қалыптастырды. Ол - жаппай жағымпаздық. Біз құлдық санадан әлі арылғамыз жоқ. Бұрын отаршыл орысқа жағынушы едік, қазір өзімізден шыққан «көсемдерге» табынатын болдық. Біреудің шені бір саты жоғары болса, соған жанбақ қағамыз.

- Неге олай? Сұмдық түп тамыры неде?

- Оның түп тамыры - кіріптарлықта. Төменнің жоғарыға күнін түсіріп, әдейі кіріптар қып қойғаны. Қазіргі әкімдерді халық сайламайды, өзінен бір саты жоғары тұрған ұлық тағайындайды. Сондықтан, олардың есіл-дәрт - халыққа қызмет ету емес, өзінің бастығына жағу, солардың қас-қабағын бағу. Олардың ұлт тарихына, әдебиет пен өнерге псықырмайтыны содан. Бұл үрдіс, осылайша, ауылдан - Астанаға дейін жалғасып, әміршілдік, авторитарлық дейтін біртұтас жүйені құрайды. Қашанда мәнсаптың көкірегіңде иман емес, ібіліс тұрады ғой. Ойлағандары - өз бастарының қамы. Өз басына не тиімді, не тиімсіз екенін олар көш жерден сезеді. Өзіне пайда түспейтін, сәл-пәл жауапкершілігі бар нәрсеге олар аттан баспайды.

- Өнекүннен бері көріп келеміз. Осы шенеуіктер «найман» десе неге жыландып жиырыла қалады. Найман соншалық далада жатқан ұлыс па? - деді Барақ намыстан жарыла жаздап. - Біздің ескерткіштен ат-тонын ала қашатыны, осылар «Найман-Ана» деген атынан шошиды-ау деймін.

- Иә, солай болуы да мүмкін. Қазір найманнан шыққан біраз азаматтар оппозицияда жүр ғой. Билік басындағылар соларға бола тұтас ұлысқа қырын қарайды-мыс. Жоғары биліктің қас-қабағын бағып, желдің қай жақтан соғарын аңдып отырған төменгі әкімдер мұндайда шаш ал десең бас алады.

# НАЙМАН-АНА ЕСКЕРТКІШІ

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ  
(хикаяттар)

- Мына төбені ме? Жұрт «Битән тауы» дейді ғой әйтеуір.

- Иә, айтпақшы, Битән тауы екен ғой... Жақсы еске салдың. Осы төбені сұрап алсақ жете ме? - деді сонан соң Бараққа қарап.

- Жеткенде қандай! - деді мүсінші төбе басынан өз монументін қазір көріп тұрғандай елеуреп. - Қандай тамаша жер! Айналасына көш жерден көрініп тұр. Пойызбен ары-бері өткен жолаушылар да алыстан көз салып өтеді.

- Аягөзде қанша халық бар қазір? - Жүз мыңдай болып қалар. Ең бастысы, тоғыз жолдың торабы ғой. Пойыздар ағылып жатыр. Мына жағы Қытай, мына жағы Алматы, Семей мен Өскеменге баратын тасжолдар да Аягөзді басып өтеді.

- Ендеше, шұрқ етпе, дымың ішінде болсын. Біз осы «Битән тауына» қолқа салып көрелік.

Бұл Ар Аягөз ауданының әкіміне түстен кейін кірді. Қабылдау бөлімінде бірнеше адам отыр екен. Аты-жөндерін айтқан соң, атхшы қыз ішке кіріп кетіп еді, бір мезетте қайта шығып:

- Кіріңіздер, сіздерді әкім күтіп отыр, - деді ізетпен иіліп.

Осы Аягөзге әкім құтаймайды. Біреуімен танысып үлгергенше, екінші біреуі ауысып келіп қалады. Мына жаңа әкімді көріп тұрғаны осы. Өзі майға бөрткен бидайдай жыл-жылтыр, жасы елудің ішін енді аралаған, орта бойлы жігіт екен. Киім кісі, шаш қойысы тап-тұйнақтай, Ресеймен шекаралас, әлде Бародолиха, әлде Чомонайха ауданынан ауысып келіпті деп естіген. Мейлі, қайдан келсе де, қызметте ысылған, әркімге дәрежесіне қарай байланыс жасайтын, тәжірибиелі адам екені байқалады. Сонымен бірге, жасынан орыс арасында өскені, орысша ойлап, қазақша сөйлейтіні де көрініп тұр. Әрине, бұл жігітте де қазіргі әкімдерге тән, өздерін «жарты құдай» сезінетін мен-мендік бар. Айжарық басында, әдет бойынша оның қай рудан екенін сұрағысы келіп бір оқталды да, ол ойынан тез қайтты. «Бұлар - «шенеунік» деген рудан ғой. Аржағын сұрап керегі не» деді өз ішінен. Бірақ, сонау облыс орталығынан бері біраз тәжірибе жинақтаған жазушы тізгінді қолдан бермей, аудан әкімін баса билеп, өктемдірек сөйлеп отыр.

Алдымен қасындағы Барақты таныстырды, осы жолғы сапарларының жайын айтты. Осы өлкеге орнатылатын, ата-баба рухына арналған тарихи ескерткіш бар. Соны қайсы қалаға қойған лайық деп, жұрт шолып, ел аралап жүргендерін баяндады. Қай қаланың болсын мәртебесін асыратын бұл монументті қоюға Өскемен де, Семей де ынталы. Қайсысына аларса да құшақ жайып қарсы алуға дайын отыр. Алайда, бір бүйірде Аягөздің тұрғаны тағы рас. Өскемен, Семей, Талдықорған, Жезқазған қалаларына тең қашықтықта, қалың найманның дәл ортасында тұрған қала. Әрі тоғыз жолдың торабы. Егер көрнекті тәуір жер табылса, бабалар ескерткішін осы Аягөзге орнатсақ деген ой да жоқ емес.

Жалғасы бар



# ТУРАЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН ТУРА БИ

«Өмір-өзен ағып жатыр, тынбай, тоқтаусыз». «Өмір болмас қасіретсіз, мұң қайғы»- деп аталарымыз өмірді ағып жатқан өзенге теңеген. Кейде жұмсақ, кейде қатал болатын бұл өмір Алланың адамға ғаламда бір-ақ рет берілетін қымбат сыйы, жарық сәулесі, әрі сынағы және бұл өмірде төзімділік, табандылық танытып, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білу керек дейтін көнекөз қариялар. Адам баласы өмірдегі кездесетін қиыншылықтарды, кедергілерді ақыл - оймен, сабырмен жеңіп, өмірдің әрбір сәтін мәнді де, сәнді де өткізіп, жарық сәулелдей жарқын ете білуі керек.

Елбасы «Алаштың анасы» деп атаған-ежелден ерлік пен елдіктің, береке мен бірліктің, өнер мен мәдениеттің киелі мекені болып табылатын Сыр елінің Сыр өңірі ежелден білім мен ғылымның, өнер мен мәдениеттің ордасы атанғандығы тарихтан белгілі. Топырағына қобыздың үні сіңген біздің қасиетті өлкемізден ұлт тарихы мен мәдениетінде өзіндік орны бар талай тұлғалар шықты.

Осындай тарихи тұлғалардың бірі тазалықтың, әділдіктің, тектіліктің, турашылдықтың символына айналып, өзінің саналы құмырын еліміздің сот саласын құруға, өркендетуге арнаған егеменді еліміздің заңгер, көмеңгер заңгері, әріптестері арасында «Сапа белгісі» атанып кеткен, нар тұлға азамат Иран Әмірұлы ағамыз тірі болғанда 15-ші қыркүйекте сексен жасқа толар еді. Өкінішке орай 71-жасқа қараған жасында алыс сапарға аттанғанына да биыл 10 жыл болады.

Оны соңғы сапарға шығарып салуға Сыр, Ақтөбе, Нұр-Сұлтан, Алматы, батыс облыстары жұртшылығы, жалпы қарапайым халық көптеп жиналды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Президент Әкімшілігі, Мәжіліс, Жоғарғы Сот, Бас Прокуратура басшылары, тіпті Ресейдің Мемлекеттік Думасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Парламентаралық Ассамблеясы басшылары көңіл айту жеделхаттарын жолдады.

Шынында да ол кісі ерекше жаратылған еді.Түрі бір қарағанда суық, қатаң болып көрінгенмен, жүрегі жұмсақ, бауырмашыл, бір нәрсе ұнамаса түрі тұтығып, ашуланып кететін, көп сөйлемейтін, ұнамаса аталы сөздер айтып, түтіп-түтіп, қотқатып тастап, нүктесін қоятын. Аз сөйлеп, жерге кіріп кететіндей қызартып, ұялтатын сөздермен осып-осып алатын. Кейде өзін өңгіме айтып бір күлдіріп алатын. Оның тойларда сөз алып, той ашуы өзгеше бір дүние. Сөз алғанда ұшатын қыран бүркіт сияқты қомданып алып, өзінің әдемі қоңыр даусымен, жақсы ырғағымен, аталы сөздерімен бүкіл залды үйіріп алып кететін. Ол сөйлегенде ашы суға елігіп көңілді отырған кісінің өзі айылын жыйып алып, зал сілтідей тыныштанып қалатын. Қазаға көңіл айтқанда адам жүрегін елжірететін мақал-мәтелдерді қолдануы өз



жасалып жатқан жақсы жаңалықтар мен игі істерге, ел азаматтарының жетістіктеріне қуанатын. «Сағынған ер елін аңсайды», «Ер қадірін ел білер, ер есімі ел есінде» демекші елін аңсайтын Марал ишан, Бұқарбай батыр, Беркімбаи көлпе, әке-шешесі басына жиі барып құран оқытатын. Ол өзінің «соғыс балалары» атанған замандастарына қарағанда жаңа заманның көзі ашық оқыған азаматы, екінші жағынан ескіні көрген, ақсақалдардың айтып кеткен

алдына бөлек. Қызыл сөздің асқан шебері ақын-жазушылар секілді оның аузынан жәй қарапайым сөз шықпайтын, сұрыпталған, әбден сараланған аталы сөздер шығатын. Туымы, түрі, жүріс-тұрысы, сөзі, мінезі бөлек еді. Тектілігімен, әділдігімен, сауаттылығымен, турашылдығымен, еңбек - сүйгіштігімен, шыншылдығымен, тазалығымен, ешкімнің алдында таясалмайтындығымен ерекшеленетін. Өтірікке жаны қас. Өте мәдениетті, ішкі дүниесі өте бай еді. Қарамағындағы қызметкерлерге қатаң, бірақ әділ еді. Оның мінезі бірде қатаң, бірде жұмсақ, нағыз әкелік, ағалық сөздер айтатын, бірде адамға қатты, суық түрімен қарап, еріксіз өзіндік көңілі сезіндіріп, қорқыныш күйге түсіріп, әбігерге түсірсе, бірде бет-әлпетінде жаддыраған, жымияған күлкісімен адамның бойын ертіп жіберетін.

ақылдарын айтып отыратын ескінің де, жаңа заманның да адамы еді.«Ел ағасыз, тон жағасыз болмас» демекші, ол шын мәніндегі елдің ағасы еді. Оның елге келуі тек ағайындардың ғана бас қосуы емес, оның көптеген достарының, әріптестерінің, жалпы заңгерлер қауымының бас қосуы болатын. Олардың ол кісіге сәлем беруі, көмек, ақыл-кеңес сұрауы қазақ даласындағы бұрынғы елге қадірлі ақсақалдар, әділ шешім қабылдайтын билерді құтіп алып, сәлем беру, шығымдарын жеткізу көріністерін, рәсімдерін еске түсіретін.

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез қасиеттерімен ерекшеленеді. Иран ағамның бойында тұлғаны жақсы адам деген атаққа апаратын, жетелейтін, кез-келген адам бойында кездесе бермейтін, тек қана жақсы адам бойында кездесетін тәртіптілік, жауапкершілік, салқынқандылық, көркем мінез, жомарттық сияқты жақсы қасиеттердің бәрі бар. «Биік төбеге шықсаң көзің ашылады, жақсымен сөйлессең көңілің ашылады»-демекші ол кісімен сөйлесіп, пікірлесудің өзі бір ғаламат тұғын, қандай тақырып болсын ақпараттарға бай еді. Сот саласының ардагерлері мен басшыларының айтуы бойынша жаңарған егеменді еліміздің сот жүйесін онсыз көзге елестету мүмкін емес және оның дамуына орасаң зор үлес қосты, өсіп-өркендеуіне үлкен серпін әкелді. «Әрбір судья қолындағы Кодексін Құранындай сыйласын, тірдегі абыройын, өлгендегі иманын ойласын». Осы қанатты сөздер Иран ағамызға тиесілі.Жоғарғы заң шығарушы орган Парламент

Сенатында ел қамын ойлайтын, күрмеуі қиын мәселелердің шешімін таба білетін, білімді де, білікті азамат сот саласында ұзақ жылдар абыройлы жемісті қызмет атқарды. Елінің нағыз кәсіби судьясы, нағыз тәуелсіз депутаты еді.

Қазақтың Сырбаз, сегіз қырлы, бір сырлы деп айтылатын сөздері сол кісіге арнап айтылған болар. «Жақсы адам елдің ырысы, жақсы сөз жанның тынысы». Осындай азаматтың тағдыр төлкегенін сүрінбей өтіп, небір қиын белестерді бағындырып, жастай өзіне таныс емес Ақтөбе еліне барып, судья-стажердан аудандық, қалалық, облыстық сот төрағасы, Сенат депутаты, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Кеңесінің мүшесі дәрежесіне дейін, республикаға танымал заңгер атанғанын мақтан тұтамын. «Заманына қарай-адамы» деген сөз бар. Оның балалық, жігіттік шағы соғыстан кейінгі қиын кезеңге тура келді. Жұрт киімге, тамаққа зәру болып жүргенде келешек оқыған сауатты, көзі ашық адамдардікі болатынын болжап, біліп ерінбей оқу оқыды, оқып жүріп қосымша қара жұмыс істеп, тапқан ақшасымен ағайындарымен бөлісті.

Оның өмірі, жүрі өткен жолдары туралы «бекзат тұлға, тура Би» атты естеліктер жинағында жарияланған бірнеше естеліктер үзінді келтірсек.

Өзбекстан Республикасының, Ресей Федерациясының бұрынғы Бас прокуроры, генерал О.Гайданов: «... Как молоды мы были, как верили в себя» атты мақаласында: «...Иранмен 70-жылдардан бері дос едік, ол облсоттың комсомол хатшысы, Иранмен бірлесіп мекемелердегі комсомол жастардың құқықтық сауатын ашу үшін бірлесіп шаралар атқардық, кейін мен Ақтөбе қаласының прокуроры болып тағайындалғанымда ол Ақтөбе қалалық сотының төрағасы лауазымын атқарғанда жанұяларымен тығыз араластық.Бірде полицияда жоғары басшылық қызметін атқарған екі досыммен бірге Иранмен қаз атуға бардық, қасымдағы жігіттер де мен де кәсіби тәжірибелі аңшы болсақ та бірде бір қаз ата алмадық. Ал өзін аңшылықтан мүлдем хабарсыз қылып көрсетіп, мақтанудан аулақ болса да қазды Иран атып алып, оны отқа өте дәмді қылып дайындағаны соншалықты өмірімде одан тәтті тамақ жемеппін. Иранның бойында басқа әртүрлі деңгейдегі бастықтарда бола бермейтін шыдамдылық, адамды тыңдай білетін қасиеті болды. Егерде қандайда бір мәселе бойынша шешілу жолына сенімді болса оның шешімін өзгерттіру мүмкін емес еді. Ресейге көшкеннен кейін 2005 жылдың көктемінде Бас Прокурор ретінде Еуропа елдерінен іс-сапардан оралып, ТМД елдерінің Парламентаралық Ассамблеясының тұрақты комиссиясының жетекшілерінің бірі ретінде мәжіліске қатысу үшін Мемлекеттік Думаға кіре бергенімде екі жыл көрмеген Иран досыммен кездесіп, бір-бірімізді құшақтап, қатысуым тиіс

1944 жылы 15 қыркүйекте Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының Қаракеткен стансасында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін аяқтаған. 1970-2004 жылдары Ақтөбе облысының аудандық сот төрағасы. 2004-08 жылдары ҚР Парламенті Сенаты 3-ші шақырылымының депутаты,

Заңнама және құқықтық мәселелер комитетінің мүшесі, ҚР Жоғарғы Сот Кеңесінің мүшесі, Сот атқарушылары одағының төрағасы болған. Қаз КСР Еңбек сіңірген заңгері. ҚР Құрметті судьясы. «Құрмет» орденінің иегері. Қызылорда облысы Жалағаш ауданының, Ақтөбе облысының «Құрметті Азаматы» атақтары бар еді.

сарапшылар Кеңесінің мәжілісіне бармай жерлестермен Қазақстан елшілігіне барып қонақ болдым. Екі күннен кейін Иран Петербургте өте сауатты, керемет баяндама жасап екі мемлекет өкілдерін таңқалдырды. Иран кейін заң шығармашылығына көңіл бөлді, онда мықты дипломатқа тән қасиеттері де бар еді. Дипломатиялық тәсілдерді қолданып небір ымыраласпайтын жақтарды татуластырудың шебері еді.Дара, мейірімді, сенімді, тиянақты, принципшіл, қимас, жан досыммен соңғы рет 2013 жылы Мәскеуде кездесіп, үш сағаттан артық бірге болған едім...».

Оның тағы бір жан досы, Ресей Федерациясы Көркемөнерінің еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы, мәскеулік Рауль Мир-Хайдаров: «Беседы с Сократом» атты мақаласында: «... Иран досымнан айрылып, естелік жазатыным үш ұйықтасам да түсіме кірмепті. Иран Алла Тағалламен ғасырларға, мәңгілікке жаратылғандай. Ол фундаменталды, сұсты, айбатты, көрнекті, ұстамды, салмақты, терең ойлы еді. Оның тек рухани ішкі дүниесі ғана бай, дамыған емес, ол табанды, мықты күш иесі, «ғасырлық жуан емен» сияқты қатты еді. Ғасырлық емендер тек аспан күштері наизағай түсуі әсерінен ғана сынады екен, қалған қиындық, апат, қасірет, ауыртпалықтардан зиян шекпейтіні туралы оқыған. Ол туралы онымен жас кезінен бастап жақын араласқан О.Гайдановтан естігем.Кейін екеуіміз Мәскеуге көшіп барғанда ол туралы жиі еске алатын болдық. Оның бойында заң саласында сирек кездесетін қасиет бар еді, ол үлкен лауазымға тағайындалмастан бұрын, жас кезінен халыққа сыйлы, абыройлы болды. Сол үшін оны достары, әріптестері әзілдеп «Сапа белгісі» дейтін.Иә ол таныстыруды қажет етпейтін.

Оның аты жөні, тегі, жоғарғы, терең білімділікті, біліктілікті, кәсібилікті, принципшілдікті, әділеттілікті білдіреді. Иранмен мен Ақтөбе Заң институтының бастығы полковник Х.Сулейменовтың 50-жылдық мерейтойында таныстым. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақтөбе облысының департамент бастығы генерал Б.Шайменов пен оның орынбасары Қ.Елубаевпен той-хана фойесында тұрғанда соңғы маған сыбырлап: міне біздің ауыр салмақтылар келді деді.Келген екеудің бірі маған бұрыннан таныс бұрынғы судья, Әділет басқармасының бұрынғы бастығы С.Барышев екен. Жоғары қызметтегі адамдардың назары ауып аман-дасуға жапа-тармағай ұмтылған С.Барышевтің қасындағы адамды бірінші рет көруім.Б.Шайменов маған: прокурорлар туралы роман-ыңды аяқтадың, енді судьялар туралы роман жасаң бұл кісіден артық білгір және сот жүйесінің абыройлы адамын таба алмайсың деді.Сол кезде сән-салтанатпен ағылшын костюмін киіп, жоғарғы талғаммен байланған әсем, жібек галстук таққан алдымда тұрған мырзаның досым О.Гайданов талай жақсы сөздер айтқан атақты Иран Әмірұлы екенін білдім.Ол менің шығармашылығыммен жақсы таныс екен, соңғы романыман басқа бүкіл романдарымды оқып шыққан болып тұрды. Кейін жақсы араластық.Мен Ақтөбеге жиі келем, ол Мәскеуге барып тұрады. Ол елінің болашағына алаңдап, Қазақстанның дамуына қажет заңдарды, ең бастысы ата-бабамыздан мирас болып қалған қасиетті жерімізді сақтап қалатын жаңа заңдарды қабылдау керек екенін жиі айтатын. Пайда-қазбалар туралы ақпарат тарағаннан кейін біздің жерімізге шетелдердің қызығушылықтарынан сайынартты. Азаматтарды құқықтық тәрбиелеу, судья, прокурор, полиция, басқа да билік салалары туралы айтқан ой-тұжырымдарын естідім. С.Барышев үшеуіміздің кездесу барысындағы «пікірталастарымызға» қызығып ортамызға қосылса ниет білдірушілерге ол «Біз көңіл көтеру үшін жиналмаймыз, философиямен айналысамыз, қозғалған тақырып кейбіреулердің көңілінен шықпай ренжуі мүмкін, кездесу қворумы мәңгілікке қалыптастырылған»-деп ниет білдірушілердің өтінішін

қанағаттандырмай тастаған еді. Бірде моншаға түсу барысында бу бөлмесінен шыққан оны ақ простыняны сол жақ иығына байлап шыққанын көргенде оны бала кезімдегі оқулықтарда көрген ежелгі грек элитасы, афин аристократы, грек философына, ұқсатып: Сократ, бұл нағыз Сократ қой деп ерекше қатты даусым шығып кетті.Мен оны ұлы дана, ойшыл, философқа теңедім. Шынында ол таңқаларлық, ғажап адам, ірі заңгер, дана философ- қазіргінің Сократы еді. Міне Иран Әмірұлының шынайы портреті. Онымен кездесулерді мен «Сократпенсұхбаттасу»-депатадым. Иә басқаша атау мүмкін емес. Иран Әмірұлы біздің өзара кездесуімізді, қозғалған тақырыптарды жоғарғы деңгейге көтерді. Иә, ол біз үшін нағыз Сократтың өзі еді...».

Иран ағамның бұл жетістіктері тегін емес.Ол тектінің ұрпағы. XVIII-ғасырда өмір сүрген Сыр еліне белгілі Жүзжасар би, батырдың ол алтыншы, мен жетінші ұрпағымын. Жақсы бала нағашысынан демекші Қантым әжеміздің апасы Шекер Ермағанбетова қазақ қыздары арасынан ең алғаш аудандық партия комитетін басқарып, Ұлы Отан соғысына, соғыс кезінде, соғыстан кейін 17 жыл бойы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы төрағасының орынбасары лауазымын атқарған, Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі ордендерінің иегері. Шекер апамыздың 1949 жылы Мәскеуге бастап барған Қазақ өнері мен мәдениетінің делегациясы құрамында Жамбыл Жабаев, Нартай Бекежанов сияқты өнер тарландары болған. Ол 1943 жылғы қараша айында 22 аяқ азық-түлікті 2-Украина майданына алғы шепке жеткізуді ұйымдастырған. Әжеміз атына Қызылорда қаласында көше, Жалағаш қыстағында №31 мектеп аты берілген.

Марабай ақын «Асыл туған жақсының ақыл-ойы кең болар»-деген сөздері Ирекеңе арнап айтқандай. Ақын Нұржан Наушабаев былай деген екен: «Әдеп, ақыл, білімді үйрене ешкім тұмайды, көруменен ысылар». «Ел ағасыз, тон жағасыз болмас», елінің ағасы, жағасы, тынысы болған Иран Әмірұлы осындай азамат еді. «Асыл адамға өлім жоқ», «Асыл туған адамның алтын жетпес нарқы бар». «Ер жақсыда бір мағына» дейді дана қазақ.Ұлы Абай атамыздың: «Егерде есті кісі қатарында болғың келсе, күніне бір рет, болмаса жұмасына бір рет, ең болмаса айына бір рет, өзіңнен өзің есеп ал»-деген аталы сөздері бар. Мен ойлаймын, Ол данышпан Абай атамыздың осы сөздерін басшылыққа алып, олардан нәр алып, өзіне-өзі есеп беріп, іс-әрекеттеріне, сөйлеген сөздеріне талдау жүргізіп отырған болу керек.

Оның өлде де бағындыратын белестері - көп тұғын. Ол сот жүйесіне әлі керек еді. Елінің нағыз патриоты, жанашыры еді. Сенаттың отырысында әшейінде сабырлы ағамыз алыс шетел, оның ішінде Қытай азаматтарының Қазақстанда еңбек істеу, тұру, жанұя құру мәселесіне келгенде ашулы қатты сөйлегені әлі есімде. «Қара қытай қаптаса...»-деп басталатын сөздері әлеуметтік желілерде жүр.Әйелдердің зейнетке шығу жасын көтеру туралы заң жобасын талқылағанда ағамыз тіпті қаһарына мініп, ашуланып сөйлегені сөздері әлі есімде (ютуб каналынан көруге болады). Иран Әмірұлы өзінің көптеген шәкірттеріне «идеал» болып қала береді.

Әдемі қарттық - бір бақыт»-дейді халық сөзі. Тек Иран ағамыз осы әдемі қартаю бақытын, қызығын аяғына шейін көре алмады. Жасамаған жасын ұрпақтарына берсін, арты жақсылыққа жалғасын, өзі өлсе де оның жақсы сөздері өлмесін.

Шүкір артында жақсы сөздер, балалары, немерелері қалды. Достары, ағайындар жиі құран оқытып еске аламыз. Ақтөбеде оны еске алу іс-шаралары жалғасуда. Облыстық сот ғимараты қабырғасына оған арналған «мемориалдық тақта» ілінді.

**Қоразбаев Хұсайын АСАНҰЛЫ** полковник, журналист. Қазақстан Ақпарат саласының үздігі. Қызылорда



"Жұлдызың айтады"

# АҚЫЛ-ДОС, АШУ-ҚАС...

**Тоқты** Айдың бас жағында басшылық пен әріптестеріңіздің арасында өз беделіңізді нығайтуға мүмкіндік бар. Кейбір Тоқтылар қызмет баспалдағымен көтерілу мүмкін. Көп Тоқтылар көп нәрсеге үйренеді. Алдағы уақытта игілігіне жарайтын дағдыларды үйренеді. Иссапарлар мен қысқа мерзімді жол сапарлардың нәтижесі жақсы. Болашақтағы табысқа сенімді іргетас қалаудың мүмкіндігі бар.

**Айдың орта** шенінде отбасыға назар аударуға тура келеді. Өзіңізге қатысы болмаса да көп мәселеге араласуға тура келеді. Көптеген мәселелер оң шешімін табады. Бірақ өзіңіз ойлағаннан көп уақыт алады. Дау-дамайға бейімділігіңіз, басқаның пікірін тыңдай бермейтіндігіңіз айналадағы жұртпен қарым-қатынасқа теріс әсер етеді. Өз-өзіңізді ұстай білсеңіз көп кедергілерден құтыласыз.

**Айдың соңғы** жағында көптеген қиындықтарды жеңіп шығасыз. Оған дейін ренжісіп қалған жандармен тіл табысасыз. Болашаққа жоспар құруға, ауқымды жобаларды бастауға қолайлы уақыт. Алайда шығынға ұшырамас үшін қаржы мәселесінде абай болыңыз.

**Торпақ** Сезімталдығыңыз артады. Басқаларды да сезіне білесіз. Содан да айналадағылардың бәрімен, тіпті осыған дейін сөзге келіп, келісе алмай жүрген жандармен де тіл табысасыз. Көріпкелдігіңіз бен қиялылығыңыз қиын жағдайдың өзіненде шығатын жолды көрсетеді. Көптеген іскерлік мәселелерін шешуге мүмкіндік бар. Алайда нақты жағдайдан аутқымау керек. Фактілерге арқа сүйеніңіз, маңызды ақпараттарды тексеруге ерінбеңіз, сонда бәрі жақсы болады. Көптеген Торпақтардың бизнесі, немесе қызметте жолы болғалы тұр. Жұмыс орнын, немесе қызмет түрін өзгерту мүмкін. Бірақ белсенді түрде оқу керек, өзіне қосымша жауапкершілік ала білуі керек. Өмірлік тәжірибе, ақыл және сақтық көмекке келеді. Егерде алғашқы қиындықтардан қаймықпай, қарсы тұра білсеңіз барлық армандарыңызды жүзеге асыра аласыз.

**Айдың екінші** жартысы әртүрлі оқиғаларға толы. Ойланбастан алға қадам жасамасыз. Сезімнің жетегінде кетіп қалмаңыз. Маңызды адамдармен байланыс жасаудың, сенімді қамқоршылармен қатысудың сәті түседі.

**Егіздер** Айдың алғашқы кезеңінде барлығы да оңынан бола бермейді. Өзіңіз сақтық танытып, сезімнің жетегінде кетіп қалмасаңыз қиындықтардан құтылуға болады. Көңілі дос емес жандар жағдайды пайдаланып, кедергі

жасағысы келеді. Бірақ ойлағандары бола қоймайды. Күдікті қаржылық авантюраға бармаңыз, қажет емес төуекелден бой тартыңыз.

**Айдың орта** шені жаңа жобаларды бастауға қолайлы, тіпті ауқымды, күрделі болса да өзіңіздің идеяларыңызды қолдайтын, оны жүзеге асыруға көмектесетін мүдделес жандар табылады. Ең бастысы қол қусырып отырмай, белсенділік танытып, қабілеттілікті көрсете білу. Өзіңіз бастапқыда ойлағаннан да жоғары деңгейге көтерілесіз. Табысқа күмәнданбаңыз. Сондай-ақ нақты жағдайдан алшақтап кетпеңіз. Аса белсенділік танытып, көп күш қайрат жұмсаған Егіздер өз өмірін жақсы жаққа өзгертеді. Ешқандай қиындық мақсаттан тайдыра алмайды. Болашақта игілікке жарайтын жаңа білімді үйрену де қиынға соқпайды.

**Шаян** Айдың бас жағында абай болыңыз. Асығыстық қателікке әкеледі. Қателікті жөндеу ұзаққа созылуы да мүмкін. Бұл кезеңде ауқымды жобаларды бастаудың қажеті жоқ. Алайда өз міндетіңізге салғырт қарауға болмайды. Қаржы мәселесінде ұқыпты болыңыз. Артық шығындардан бас тартыңыз. Байқамай бір зат алып қалып, артынан өкінуіңіз мүмкін. Мүмкіндігі болса иссапарды, алысқа саяхатты кейінге қалдырыңыз.

**Бесекелес** болғыңыз келеді. Алайда асығыс шешім қабылдаудың, фактінің орнына жеке амбицияның жетегінде кетуге болмайды. Салқынқандылық сақтай білсеңіз жақсы нәтижеге қол жеткізесіз. Көптеген Шаяндар жақын адамдармен, басшылықпен қарым-қатынаста әдепті сақтағаны дұрыс. Бұған дейін қиын көрінген істерге белсене кірісуге болады. Табандылықтың арқасында, қиыншылықтарға қарамастан табысқа қол жеткізесіз.

**Айдың соңғы** жағында іскерлік қабілетіңізді нығайтып, мақсатыңызға қарай батыл қадам жасайсыз. Жақын адамдармен қарым-қатынаста келіспеушіліктер болуы мүмкін. Алайда ашық әңгімелесу дау-дамайға нүкте қоюмен қатар арадағы байланысты нығайтады.

**Арыстан** Түйсігіңіз күшейеді. Есесіне көптеген маңызды шешімдер қабылдайсыз. Күтпеген тұстардан талантыңыз ашылады.

Бұл көптеген қиын міндеттердің тосын шешімдерін табуға мүмкіндік береді. Көптеген Арыстандар бұрыннан келе жатқан қаскөй адамдарынан мерейі үстем болады. Ол үшін керемет бірдеңе жасаудың қажеті жоқ, проблемалар өз-өзінен шешіледі. Шетелдік әріптестермен байланыс орнатуға қолайлы кезең. Саяхат пен кезекті еңбек демалысы қызықты өтіп, ұзақ уақытқа дейін есте сақталады.

**Айдың орта** шенінде кездейсоқ проблемалар пайда болады. Бәлкім іскерлік белсенділікті тежей тұру керек шығар. Алайда көздеген істен бас тартуға болмайды. Тек алғашқы жоспарлағаннан бөлек көбірек уақыт жұмсарсыз. Сонда барлығына үлгіруге, соншалықты қиналмауға болады. Басқалардың алаяқтығына кез болмас үшін қаржы мәселесінде абай болыңыз. **Айдың соңында** жұлдыздар сізге бар нұрын шашып тұр. Тіпті ұсақ-түйекте де жолыңыз болады.

**Бикеш** Барлығы да бірден болмайды. Әсіресе айдың бас жағында. Бірақ көңіл құлазымасын, шыдамдылық танытып, бірнеше әрекет жасауға дайын тұрыңыз. Табандылық табысқа әкеледі. Қанша жерден қалап тұрсаңыз да істі кейінге қалдырмаңыз. Күтілмеген шығындар болуы мүмкін. Есесіне қарызсыз, несиесіз іс бітіресіз. **Айдың орта** шенінде қуатыңыз артып, көңіліңіз көтеріледі. Жаңа жобаларды бастауға қолайлы уақыт. Маңызды мақсаттарға ұмтылыңыз. Іскерлік қабілетіңіз келіссөздерді нәтижелі етуге көмектеседі. Бекітілген келісім-шарттар табысты болады. Иссапарға, немесе саяхатқа шығатын Бикештердің жолы болады. Тіпті жақсы әсер сыйлайтын тосын оқиғалар да болуы мүмкін.

**Айдың соңғы** жағында көпшілік, бұқаралық іс-шаралар табысты болады. Жақсы таныстық та орын алады. Болашағы бар байланыстар жасайсыз.

**Таразы** Табысқа кенелгелі тұрсыз. Қиын істердің өзінде де ірі табысқа қол жеткізесіз. Кейбір Таразылар өздері ойламаған тұстан кіріске кенеледі. Жақсы адамдармен жаңа таныстықтар болады. Шығармашылық қабілетіңізді жүзеге асырасыз, тым жаңа идеялар келеді. Ұсыныстарыңыз кең қолдау табады.

Дегенмен кейбір сәттерде өз сезіміңізді билей алмайсыз. Шаршау, көңіл құлазу кедергі етеді. Жаңа ақпаратты игеруге шамалы қиындықтар болуы мүмкін. Өзіңіз бәрі сәтіммен аяқталады. Бірақ өзіңіз ойлағаннан көп уақыт жібересіз.

**Айдың орта** шенінде жағымсыз хабар келуі мүмкін. Бұл кезеңде маңызды шешімдер қабылдамаңыз.

**Айдың соңғы** жағы оқиғаларға толы. Жұлдыздар сәттілік тілеп тұр. Барлық проблемалар шешіледі. Сіздің көтеріңкі көңіл күйіңізге басқалар қызыға қарайды. Көптеген Таразылар алдағы жетістіктеріне ұзақ мерзімді іргетас қалайды. Жеке өмірде жақсы жаңалықтар болуы мүмкін. Ал ақша жұмсау мәселесінде өз-өзін шектегені дұрыс.

**Сарышоян** Айдың бас жағы белсеніп жұмыс істеуге, керемет идеяларды жүзеге асыруға қолайлы. Іскерлік жол сапарлар табысты.

Әріптестермен қарым-қатынастың пайдасы зор, пікір алмасудың арқасында маңызды мәселелердің ортақ шешімі табылады. Жаңаны игеруге, алдағы уақытта қажет болатын дағдыларды меңгеруге қолайлы уақыт. Тіпті кейбір ескі қарсыластарыңыз мүдделестер тобына өтеді.

**Айдың орта** шенінде маңызды ештеңе жасамаған дұрыс. Әсіресе қаржы мәселесінде абай болыңыз. Әжептеуір шығын орын алуы мүмкін. Алда тұрған міндеттерді ойдағыдай атқарып шығу үшін кейбір Сарышояндарға көп күш-қайрат жұмсау керек. Майда-шүйде деменіз, ұсақ-түйекке де мән беріңіз. Есесіне үлкен қателіктен құтыласыз. Бұқаралық іс-шараға қатыспасаңыз да болады. Одан сіз жан рахатын сезінбейсіз.

**Айдың соңғы** жағы табысты, жақсы өзгерістер бар. Қызмет баспалдағымен өсу, немесе қосымша табыс көзі болғалы тұр. Бұрынғы даудамайды шешіп, өзіңіз үшін маңызды адамдармен татуласасыз.

**Мерген** Сүйкімділігіңіз өзіңізге көп адамдарды тартады. Тез қабылдайтындығыңыз, сезімталдығыңыз өзара түсіністікке, қарым-қатынаста кездеген мақсатқа жетуге көптеген көмек. Жұмысқа қабілеттілігіңіз, белсенділігіңіз жоғары деңгейде. Содан да барлық қиын міндеттерді атқара аласыз. Кейбір Мергендер жақсы жағынан басшылықтың көзіне түсіп, қызмет баспалдағында өсуі мүмкін. Бағалы сыйлықтар, күтпеген ақша түсімі де болып қалады.

**Айдың орта** шенінде маңызды шешімдер қабылдауға болмайды. Ауқымды жобаларды бастауды, жауапты келіссөздерді, маңызды кездесулерді кейінге қалдырыңыз. Ағымдағы істермен айналысып, жұмыс пен демалыс арасында тепе-теңдік сақтаңыз.

**Айдың соңғы** жағында әдеттегіге қарағанда ашушаңсыз. Өз көңіл-күйіңізді бақылап, жақын адамдарыңызға зәр шашпаңыз. Майда-шүйде ұрыс керіс соңы ауқымды мәселелерге әкелмейді. Дегенмен одан бойды аулақ ұстаған дұрыс.

**Тау ешкі** Айдың бас жағы соншалықты қарапайым өтпейді, дегенмен қызықты көптеген маңызды мәселелер шешімін табады. Алайда әріптестермен дауласуға тура келеді. Өзіңіз қажетті дәйектер келтіріп, өз көзқарасыңызды қорғай аласыз. Ақша мәселесінде абай болыңыз. Кішкентай қателіктің өзі қымбатқа түсуі мүмкін.

Шамалы уақыттан кейін көптеген мүмкіндіктерге жол ашатын сәттілік кезеңі басталады. Ең бастысы осы кезеңді жіберіп алмау. Белсенділік қиын міндеттердің өзін шешуге көмектеседі. Ұсақ-түйек қиындықтар жолыңызға кедергі емес. Жақын адамдармен араласу өте табысты.

**Айдың соңғы** жағында көбірек тырысу керек, нәтижесінде болашаққа іргетас қалайсыз. Беделді адамдар көмекке келеді. Ірі келісім-шарттар жасауға, жаңа жобалар бастауға сәтті кезең. Ұстамдылық пен табандылық кез-келген қиындықты жеңеді.

**Сұқұйғыш** Бұған дейін өзіңіз де білмейтін талантыңыз ашылады. Нақты түйсік пен адамдардың психологиясын түсіне білу қасиетіңіз көптеген маңызды мәселелерді шешуге көмектеседі. Ауқымды жобаларды бастауға қолайлы уақыт. **Айдың бас** жағы еңбек демалысына, немесе жол сапарға сәтті кезең.

Көптеген Сұқұйғыштар қызмет баспалдағымен көтеріледі. Әсіресе айдың орта жағында жақсы әсер қалдыратын тосын оқиғалар да болмай қалмайды. Басшылық тарапынан ынталандыру болуы да мүмкін. Дегенмен өз көңіл күйіңізді бақылаңыз. Негізсіз ашушаңдық айналамен қарым-қатынасқа кедергі.

**Айдың соңғы** жағында сақ болыңыз, асығыс шешімдер қабылдамаңыз, ойланбай артық қадам жасамасыз. Өз сезіміңізді білдірудегі ұстамсыздық жақын адамдарыңызбен қарым-қатынасыңызды құртады. Соданда өз-өзіңізге мығым болыңыз.

**Балық** Маңызды жобаларды бастауға айдың бас жағы қолайсыз. Бұған дейін жеңіл тіл табысып келген жандармен ортақ мәмілеге келудің өзі де қиындық туғызады. Ашуланшақ болу себепті барлығы да сізге үрке қарайды. Сондықтан да жалғыз өзіңіз іске асыра алатын іске назар аударыңыз. Уақытқа мән беріңіз. Бос әңгімеге, болмашы ұсақ-түйекке уақыт жібермеңіз. Жаңа дағдыларды үйрену бауау етуде, алайда білім ұзаққа қалады.

**Айдың ортасында** әріптестермен, іскер серіктестермен келісімге келу жеңілдейді. Қаржылық табысқа негіз бар. Алайда инвестицияда абай болыңыз. Ұстамдылық танытсаңыз мақсатқа тезірек жетесіз.

**Айдың соңғы** жағында бұрынғы әрекетіңіздің жемісін жейсіз. Қызметтен көтерілу мүмкіндігі бар. Жаңа білім алуда табысқа жетесіз. Жақсы өзгерістер орын алады. Аға ұрпақпен, немесе әріптестермен қарым – қатынастардың өзіндік маңызы бар. Олардың ақыл-кеңестері табысқа әкеледі.

Сұрағым бар...

## МӘМС МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАР

**Пайдаланбаған ақшаны қайтаруға бола ма, неге МӘМС жүйесі жинақтаушы емес, жеке клиникада МӘМС есебінен қалай емделуге болады? Халықтың осы және басқа да жиі кездесетін сұрақтарына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусаметов жауап берді.**

**МЕН «ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН ЖҮКТІ ӨЙЕЛДЕР» ЖЕҢІЛДІК САНАТЫНА КІРЕМІН, БІРАҚ ТІРКЕЛГЕН ЖЕКЕ КӘСІБІМ БАР. ЖЕҢІЛДІК САНАТЫНА КІРЕТІНДЕР ЖАРНА ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛАДЫ ДЕП ЕСТІДІМ. ЖЕКЕ КӘСІБІМ ҮШІН ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАЙТАРЫП АЛА АЛАМЫН БА?**

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңға сәйкес, жұмыс істемейтін тұлғалар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Егер жүкті әйел еш жерде жұмыс істемесе, жеңілдік санатына кіретін еді. Алайда, ЖК ретінде тіркелгендіктен (оның қызметі ресми тоқтатылмаған болса), барлық тиісті төлемдерді (зейнетақы, әлеуметтік кіріс салығы) жүргізіп отырғандықтан, жұмыс істейтіндер қатарына кіреді. Яғни жеңілдік санатынан шығып қалады. Сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін жеке кәсібі үшін МӘМС жарналарын төлеу қажет. Сондықтан, жеке кәсібі үшін жүргізілген төлемдерді қайтарып ала алмайды.

**ЕГЕР МӘМС ЕСЕБІНЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛМАСАМ, ПАЙДАЛАНБАҒАН АҚШАНЫ ҚАЙТАРЫП АЛА АЛАМЫН БА?**

МӘМС-ке енгізген төлемдерді қайтаруға немесе оларды басқа адамға беруге болмайды, себебі жүйе қаражатты дербес бөлуді қарастырмайды. Барлық жарналар мен аударымдар Ұлттық банктегі шотта жинақталады және ол жерден барлық сақтандырылған тұтынушылардың медициналық қызметтерін төлеуге бағытталады.

**МЕН ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН БОЛСАМ МӘРТЕБЕНІ ҚАЛАЙ АЛАМЫН?**

Сізге екі таңдау бар. Біріншісі – дербес төлеуші ретінде жарна төлеуіңізге болады. Екіншісі – жұмыспен қамту орталығына хабарласып, жұмыссыз ретінде тіркеле аласыз. Бұл жағдайда сіз жеңілдік санатына кіресіз және сіз үшін жарналарды мемлекет төлейді.

**ЖЕКЕ КЛИНИКАДА МӘМС БОЙЫНША ТЕКСЕРІЛДІНДІ ӨТУГЕ БОЛА МА?**

Медициналық көрсеткіштер болған жағдайда Қормен шартқа отырған жеке клиникаларда консультациялық-диагностикалық қызметтерді алуға болады. Ол үшін өз емхананыңыздан жолдама қажет. Медициналық қызмет көрсетушілердің тізімімен Қор сайтына кіріп, «МӘМС-гид», ары қарай «Пациенттер үшін», содан кейін «Клиниканы

таңдау» батырмасын басу арқылы танысуға болады (<https://fms.kz/osms-guide/patient/vybrat-kliniku/>).

**МӘМС ҮШІН ҚАТЕ ТӨЛЕНГЕН ЖАРНАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫ?**

Қате рәсімделген (мысалы, басқа кезең көрсетілген) төлемдерді қайтару үшін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ-та белгіленген нысан бойынша өтініш жазу қажет және төлемді растайтын құжаттарды қоса ұсыну қажет (нысан [fms.kz](https://fms.kz) сайтында «ОСМС-гид» бөлімінде жарияланған). Өтінішті <https://eotinish.kz/> электронды платформасы арқылы беруге болады.

**МЕН СТУДЕНТПІН, МӘМС-КЕ ТӨЛЕМ ЖАСАУЫМ ҚАЖЕТ ПЕ?**

Күндізгі оқу бөлімінің студенттері МӘМС-ке жарна төлемейді, себебі жеңілдік санатына кіреді. Сондай-ақ жұмыс берушілер күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттер үшін МӘМС-ке аударымдар жасаудан босатылған.

**МҰҒАЛІМНІҢ ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ БОЛСА, МӘМС-КЕ ТӨЛЕМДІ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗЕДІ?**

Салық заңнамасына сәйкес шаруа қожалығы қандай да бір басқа нысанда рәсімделмеген болса, ол ЖК ретінде қарастырылады. Егер ЖК қызметін тоқтатпаған болса, ол өзі үшін 1,4 ЕТЖ-ның 5 % төлейді.

Осы ретте негізгі жұмысында да жарналар төлеп, мұғалім қызметкері үшін аударымдар жасауы керек. Яғни барлық кіріс көздерінен төлем жүргізіледі.

**МЕН МЕРЗІМДІК ҚЫЗМЕТІМДІ ӨТЕП ЖАТҚАН САРБАЗБЫН, ЖАРНА ТӨЛЕМЕЙМІН, БІРАҚ САҚТАНДЫРЫЛҒАНМЫН. МЕНІҢ САҚТАНДЫРЫЛҒАН МӘРТЕБЕМ ҚАНША УАҚЫТҚА САҚТАЛАДЫ?**

Сіз мерзімдік қызметіңізді атқарып жатқан уақытта жарна төлеуден босатыласыз. Өскердегі қызметіңіз аяқталған соң сізге сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін МӘМС-ке тұрақты түрде жарна төлеу қажет.

Сақтандыру мәртебесін келесі жолдармен тексеруге болады:

- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- fms.kz ресми сайты
- Telegram-дағы @SaqtanduryBot
- 1414 байланыс орталығы
- Damumed мобильді қосымшасы
- Haluk мобильді қосымшасы
- BCC.KZ мобильді қосымшасы
- Kaspi.kz мобильді қосымшасы
- Egov.kz электрондық үкімет сайты – «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.